

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№129 (9447) | 1954 жылғы 30 июнь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньде қабылдаған қаулысы (1-2-беттер).

Қ. Омаров. — Абай және орыс әдебиеті (2-бет).  
Г. Смелов. — Унем үшін күрес (2-бет).  
Б. Жақыпов. — Село еңбекшілері қажетті товарларын ала алмай отыр (2-бет).

КОЛХОЗ, СОВХОЗДАРДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ТЕЗ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЖҮРГІЗЕЙІК. Мал қораларын жаңадан салу және жөндеу жұмысы кең өріс алысн. А. Жолдығарин. —

Қоралар салу қолға алынбай отыр. А. Федотов. — Новопапловтықтардың үндеуіне іспен жауап береміз. А. Мануйлов. — Жаңа қоралар салынауда. А. Кержнер. — Совхоз орталығын көрікті, мәдениетті қалаға айналдырамыз. И. Гетте. — Барлық мал жайлы қорамен қамтамасыз етіледі (3-бет).

Халықаралық шолу (4-бет).  
Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы секретариатының мазмұнамасы (4-бет).  
Женева кеңесінде (4-бет).  
Дания-чехословак договоры (4-бет).  
Италия еңбекшілерінің Гватемала халқымен тілектестігі (4-бет).

## Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньде қабылдаған қаулысы

Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі мықтап өрге бастыру және көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін арттыру жөнінде Коммунистік партия мен Совет үкметі жүзеге асырып отырған шараларды бүкіл халық мақұлдап, бұл шаралар жұмысшылар, колхозшы шаруалар және интеллигенция арасында қуатты еңбек өлеуін тудырды.

Соңғы уақытта Партия мен Үкмет ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді молайтуға колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру жөнінде бірқатар жаңа шараларды жүзеге асырды. Салалы зығыр мен конопля өндіруде ынталандыру шаралары белгіленді.

Ауыл шаруашылығын онан әрі нығайту жөнінде Партия мен Үкмет жүргізген зор жұмыс колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың көктемгі егісті анағұрлым ұйымдастырған түрде өткізу ауылшаруашылық жұмыстарының сапасын арттыруға мүлдем ішкі берді. Дәнді дақылдар неғұрлым қысқа мерзімде, жақсы сапалы егілді. Быйылғы жылы көктемгі егісте отамалы дақылдарды шаршылап және шаршы- ұялап егу, отырғызу әдістері тұңғыш рет кеңінен қолданылды. Жергілікті және микрорегиондық тыңайтқыштар неғұрлым жақсы пайдаланылды.

Быйылғы жылдың көктемінде колхоздар мен совхоздар жаздық дақылдар егудің мемлекеттік жоспарын асыра орындап, 1953 жылғыдан 9,5 миллион гектарды артық екті. Колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бұл табыстары егіс көлемін едәуір ұлғайту және астық пен басқа ауылшаруашылық өнімдерінің жалпы түсімін арттыру үшін социалистік ауыл шаруашылығында қандай зор резервтер бар екенін және партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысын ойдағыдай жүргізілген күнде ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өркендету мүдделері үшін бұл резервтерді қандай қысқа мерзімде іске қосуға болатындығын көрсетіп отыр. 1953 жылмен салыстырғанда жаздық дәнді дақылдар егісінің көлемі 6.429 мың гектар арттырылды, соның ішінде бидай егісі 3.583 мың гектар, астыққа арналған жүгері—756 мың гектар ұлғайтылды. Мақта егісінің көлемі 354 мың гектар арттырылды, сонымен қатар қант қызылшасы, күнбағыс, ояш, жемшөптік және сүрленетін дақылдар да өткен жылғыдан артық егілді. МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттарының міндеттемелерін орындау жолындағы жұмыстары жақсара түсті. Быйылғы жылдың көктемінде колхоздарда трактор жұмыстары (жер жырту есебімен алғанда) өткен жылғыдан 18.674 мың гектар артық жүргізілді. Трактор жұмыстарының сапасы арта түсті.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі міндетті колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің, сонымен қатар қала халқының қызу қолдан қарсы алғанын және бұл міндеттің бүкілхалықтық іске айналғанын атап көрсетеді. Партия мен Үкметтің шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру үшін МТС-тер мен совхоздарға кәзірдің өзінде 140 мыңнан аса адамдар келіп, жұмысқа белсене кірісті. Тың және тыңайған жерлерге

және сапасы жөнінде орындауы қажет екендігіне партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының ерекше назарын аударады. ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің, жергілікті партия және совет органдарының машина-трактор станцияларының жұмысына басшылығын жақсартуы, техниканың қуатын неғұрлым өнімді пайдаланып, оны сақтауға, трактор жұмыстарының сапасын жақсартуға және колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайтуға МТС-тердің жауапкершілігін арттыруы қажет.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Совхоздар министрі мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің тарапынан тың және тыңайған жерлерді игеру ісін ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер болып отырғанын атап көрсетеді.

ССРО Совхоздар министрінің тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда жаңа совхоздар ұйымдастыруда, басшы кадрлар мен мамандарды іріктеп алуға сыбырлық көрсетті. Көптеген совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеруге келген кадрларды пайдалану және олардың тұрмыс жағдайын жөндеу ісі қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

Жаңа астық совхоздарында құрылыс жұмыстары баяу жүргізілуде. Көптеген жұмысшылар бар тұрғанда стандартты үйлерді құрастыру және монтаждау, жергілікті құрылыс материалдарын дайындау жұмысы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. ССРО Ағаш өнеркәсіп министрінің кінәсінен тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға стандартты үйлер толық комплектісіз және техникалық документтерісіз жөнелтілуде, мұның өзі бұл үйлерді құрастырып, орнатуды қиындатып отыр.

РСФСР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, ССРО Ауыл шаруашылығы министрі және ССРО Совхоздар министрі тарапынан істі ұйымдастыруда кемшіліктер жасалуы салдарынан тың және тыңайған жерлерді іріктеп бөлген кезде қателіктерге жол беріліп, жақсы, құнарлы ірі көлемді жерлер көп бола тұрса да жеке аудандарда жыртуға арналып көлемі шағын, бытыраңқы учасоктер, ал кейде тіпті сортаң жерлер бөлінген.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің, ССРО Совхоздар министрінің, Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрінің кінәсінен техниканың толық комплектілі болмауына және мезгілінде жеткізілмеуіне жол берілді. Әсересе тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарға трактор плугтерін, астық сеялқаларын, трактор тіркегіштер, автоцистерналар, майқұйғыш автоматтар, жылжымалы автомастерскойлар мен мұнай ыдыстарын жөнелту жұмысы өте нашар жүргізілді. Техниканы нашар пайдалану фактілері орын алып, тың және тыңайған жерлерді баптап, өңдеу сапасының өрескел бұзылуына — таяз жыртуға, жер қыртысының толық аударылмауына, топырақтың мезгілінде тырмаланбауына жол берілуде.

Орталық тұтынушылар одағы, РСФСР Министрлер Советі, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақстан КП Орталық Комитеті,

министрі, облыстық комитеттер, өлкелік комитеттер, одақтас республикалар компартияларының орталық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, өлкелік атқару комитеттері, республикалардың Министрлер Советтері колхозшылардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің және ауыл шаруашылығы мамандарының күш-жігерін үстіміздегі жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға аса маңызды шарты ретінде егінді күту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жұмылдыруы қажет. Мақта егісін, қант қызылшасының, күнбағыстың, жүгерінің, картоптың, ояштың, жемшөптік дақылдардың қатаралықтарын баптау, арамшөпін отау және қосымша қоректендіру, сол сыяқты салалы зығыр мен конопля егісін мұқият күту қамтамасыз етілсін, пішен шабу және дәнді дақылдар жыйнау кезінде егінді күту жұмыстары ешбір әлсіремейтін болсын. Егінді күту жұмысы толық мөлшерде және барлық егіс көлемінде жергілікті жағдайларға бейімдей белгіленген міндетті агротехникалық талаптарға әбден сай жүргізілсін.

Суармалы жерлерде техникалық, ояш және басқа ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу мақсатымен партия, совет, ауылшаруашылық және сушаруашылық органдарына егіннің дер кезінде суарылып, мұқият күтілуі, судың анағұрлым дұрыс және толық пайдаланылуы қамтамасыз етілсін. Жер суару және оны кепіруге жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін едәуір жақсарту үшін сушаруашылық органдарын құрылыс материалдарымен, машиналармен, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүзеге асырылып, оларды маман кадрлармен нығайту қажет.

Үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздар едәуір жерлерде жүгеріні, күнбағысты, картопты, капуста және басқа кейбір дақылдарды шаршы-ұялап және шаршылап егу және отырғызу тәсілдерімен өткізуіне байланысты машина-трактор станцияларының бұл дақылдарды механизм күшімен дер кезінде және жоғары сапалы күту үшін ролі мен жауапкершілігі ерекше өсті. Әрбір МТС-те отамалы дақылдардың қатаралықтарын трактормен баптау жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету қажет.

2. ССРО Ауыл шаруашылығы министріне, ССРО Совхоздар министріне, партия, совет, және ауылшаруашылық органдарына таза парлардың дер кезінде бапталуын қамтамасыз ету, бұл парларда арам шөптердің өсіп кетуіне, қабыршақтардың болуына жол бермеу міндеттелсін. Топырақтың күйіне және пардағы арамшөптердің көрінуіне қарай күздік егіс басталғанға дейін парға культивация жасалып, тырмалансын. Екпелі парлардағы барлық дақылдарды жыйнау жұмысын кешіктіруге жол берілмесін, бұл жерлерді дер кезінде жырту және күздік егіс үшін егіс алдында баптау қамтамасыз етілсін.

3. СОКП Орталық Комитетінің Пленумы соңғы кезде отамалы және техникалық дақылдарды өсіруде еңбек ұйымдастырудың звенолық системасын бағалаушылық болып кел-

генін теріс деп санайды, бұл бағалаушылық егістерді несіздікке ұшыратуға, оларды күту ісін нашарлатуға әкеп соғуда, колхозшылардың мол өнім алуға материалдық жағынан ынталылығын арттыруға себепші болмай отыр. ССРО Ауыл шаруашылығы министрі, партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздарда өндірістік бригадаларды барынша нығайта отырып, сонымен бірге отамалы және техникалық дақылдардағы звеноларды ұйымдастыруды көтермелеуге, бекітілген учасоктерде егінен мол өнім алу ісінде оларға барынша көмек көрсетуге тиіс.

4. Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестеріне және ауруларына қарсы күрес мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылғаны атап өтілсін, соның салдарынан соңғы жылдары бірқатар аудандарда ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері мен аурулары қатты тарап кетті. Мұндай жағдайдың негізгі себептерінің бірі ауыл шаруашылығын у химикаттарымен өте-мөте жеткіліксіз жабдықтау болып табылады. Химия өнеркәсіп министрі у химикаттарын өндіруді ұлғайту ісінде еңарлық көрсетін келеді және ауыл шаруашылығының бұл жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру жөнінде қажетті шаралар қолданбай отыр.

ССРО Ауыл шаруашылығы министрі, ССРО Совхоздар министрі және олардың жергілікті органдары егістерді ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі жұмысты әлсіретін жіберді, мұның өзі үлкен нұқсан келтіріп, егіннің көп мөлшерде кем жыйналуына әкеп соғуда, бұл жол берілмейтін нәрсе деп саналсын. Бөлінген у химикаттары және қолда бар аппаратура нашар пайдаланылады, егінді және отырғызылған ағашты баптау жұмысы дер кезінде жүргізілмейді.

Химия өнеркәсібі министріне у химикаттарын өндіру мен тапсыруды ауыл шаруашылығының мұқтажын толық қанағаттандыруға мөлшерде қамтамасыз ететін шұғыл шаралар қолдану міндеттелсін.

Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналар жасау министрі ауыл шаруашылығының кәзіргі заманғы аппаратура жөніндегі керектерін тіпті аз деген мөлшердің өзінде қамтамасыз етпей отыр, мұның өзі де ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларына қарсы ойдағыдай күрес жүргізуге елеулі бөгет болып табылады.

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машина жасау министріне, ССРО Ауыл шаруашылығы министріне, ССРО Совхоздар министріне екі ай мерзім ішінде ССРО Министрлер Советінің қарауына ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестері мен ауруларына қарсы күресуге керекті машиналар мен аппаратураларды өндіру және ауыл шаруашылығына беру туралы ұсыныстарды, ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы күресу жөніндегі қызметті ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу міндеттелсін.



дерге жоспар бойынша 2,3 миллион гектар дәнді дақылдар егудің орнына, іс жүзінде 3,6 миллион гектар дәнді дақылдар егілді. Тың және тынайған жерлерді аздағы жылдық егісіне арнап жырты жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Жаңа жерлер игерілетін аудандарда 1954 жылдың көктемінде жалпы көлемі 2,532 мың гектар егіске жарамды жері бар 124 астық совхозы ұйымдастырылды. Тың және тынайған жерлерді игеріп жатқан МТС-тер мен совхоздарға быйылғы жылдың көктеміне дейін 50 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 6,300 жүк автомашиналары және басқа көптеген машиналар, жабдықтар мен материалдар жеткізілді. Жаңа астық совхоздарында тұрғын үйлер мен өндірістік үйлер салуға ғана 400 миллион сом қаржы бөлінді, 250 мың шаршы метрлік стандартты үйлер жөнелтілді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы бүкіл еліміз бойынша тұтас алғанда көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуімен қатар ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, жеке облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары көктемгі егіс жұмыстарын неғұрлым жақсы өткізу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады және мемлекеттік егіс жоспарының жеке дақылдар бойынша орындалуын қамтамасыз етеді деп санайды. Калинин, Смоленск, Кострома, Новгород, Ярославль, Иваново, Пенза, Владимир, Луизиана, Вологда және Иркутск облыстарында егіс жұмыстарының өткізілуіне өз міндеттерін бұлжытпай орындап отыруға тиіс.

Октябрь ауданы облыста малы көп аудандардың бірінен саналады. Мұның өзі бұл ауданның қолхоздарының, МТС-терінің, аудан басшыларынан қоғамдық малға қажетті қоралардың жалпы санын ғана көбейтпін қоймай, жаңа стандартты қораларды көбейтуді керек етеді. Ал, істің жайы бұл ауданда басқаша. Көп қолхоздарда жаңадан мал қораларын салу, бұрынғы қораларды жөндеу әлі қолға да алынған жоқ. Солардың бірі Ленин атындағы қолхоз. Бұл қолхозда быйыл 2340

Құрылысшылар арасында еңбек ұйымдас-тыру ісін жақсарту, социалистік жарыс шартын ұйымдастырып, оның орындалуына жетісу, бұл үшін үгіт-бұқаралық жұмыс тарын кең көлемде жүргізу — жергілікті партия, комсомол ұйымдарының, үгітшілер топтарының төл ісі. Олардың барлық жұмысы әрбір қолхоз бен совхоздағы қоғамдық малдың үстеміндегі жылы жайлы қоралармен қамтамасыз етілуіне бағытталуға тиіс. Міне, бүгінгі күннің талабы олардан осыны күтеді.

## Қоралар салу қолға алынбай отыр

Октябрь ауданының Сталин атындағы, Калинин атындағы, «Қызыл ту» қолхоздары быйыл қоғамдық мал үшін едәуір жаңа қоралар салуды жоспарлады. Қолхоз басқармалары бұл жұмыстардың ерте қолға алынуын қамтамасыз ету үшін қар ерітпемен құрылыс материалдарын дайындауды, оны жаңа қоралар салынатын жерге тасуды ұйымдастырды. Тұрақты құрылыс бригадаларын құрып, олардың өнімді еңбек етулеріне жағдай жасады.

Бұл жұмыс өзінің нәтижесін беріп отыр. Мәселен, көздің өзінде Калинин атындағы қолхозда 100 бастық сыйыр, 1150 бастық шошқа қораларының Сталин атындағы және «Қызыл ту» қолхоздарының әрқайсысында 100 бастық сыйыр қораларының құрылысы немісінен аяқталды. Бұл қолхоздардың қолхозшылары бұрыннан пайдаланып жүрген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстарын да ойдағыдай жүргізуде.

Үстеміндегі жылы жаңа мал қораларын салуды жоспарлаған жалғыз осы қолхоздар ғана емес. Мұндай жоспарларды ауданның көптеген қолхоздары ақ жасаған болатын. Мысалы, Ленин атындағы қолхоздың басшылары 300 бастық сыйыр, 1000 бастық қой, 40 бастық биязы қораларын және 1000 құс сыятын жаңа үй салуды жоспарлады. Қолхоз басшылары бұл жоспарда құрылыс материалдарын

әзірлеу, құрылыс жұмыстарын бастау және аяқтау мерзімдерін де белгіледі. Бірақ, амал не, олар жоспардың жүзеге асырылуын ұйымдастыруды ұмытып кетті. Сондықтан осы уақытқа дейін құрылыс жұмыстары қолға алынған жоқ. Осыған қарамастан қолхоз председатели Нургожин жолдас құрылыс материалдарын әзірлеу, құрылыс бригадаларын құру, олардың іске кірісуін ұйымдастыру жөнінде әлі де ешбір шараларды белгілеместен, бей-жай отыр.

Көптеген қолхоздарда мал қораларын салу жұмысының осы уақытқа дейін басталмағанын аудан және МТС басшылары жақсы біледі. Дегенмен, олар қолхоз басшыларының мал қораларын әзірлеу ісіне жауапсыз қарауларына төзімдік жасап келеді. Бұл өте қынжыларлық жағдай.

Мал басын көбейту, мал шаруашылығының өнімдерін арттыру міндетін ойдағыдай орындау үшін малды жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етудің үлкен орын алатыны кімге болса да белгілі. Олай болса, әрбір қолхоздың мал басының өсуіне сәйкес мал қоралары болуын қамтамасыз ету мәзірлі басты міндеттердің бірі. Мұны Октябрь ауданындағылардың ұмытуына тіпті де болмайды.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**  
(Өз тілшіміз).

теті, Чкалов, Саратов, Челябинск, Курган, Уфа, Костанай, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері тың және тынайған жерлерді игеретін аудандарда сауданы дер кезінде өрістетуге, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларын, қызметшілерін және мамандарын тұрмыс жағынан тиісінше қамтуға қажетті шаралар қолданады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігі бірқатар маркалы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын өндіру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Әсіресе Минск трактор заводы жұмысты қанағаттанғысыз істеді, соның салдарынан ауыл шаруашылығына «Беларусь» тракторларын беру жоспары орындалмай қалды.

Еліміздің шығыс және оңтүстік шығыс аудандарында тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде өрістетілген жұмыстар пайдаланылмай жатқан кең байтақ құнарлы жерлерді астық өндірісін, сол сыяқты басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайтуға пайдаланудағы үлкен жалпы мемлекеттік жұмыстардың бастамасы ғана болып табылады деп санап, СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігін, ССРО Совхоздар министрлігін, РСФСР Министрлер Советін, Қазақ ССР Министрлер Советін және Қазақстан КИ

және құс үйі мен төл үйінің құрылысын толық аяқтап, оларды фермалардың пайдаланылуына беруге міндеттеніп отыр. Олар бұл міндеттемелерін де сөзсіз орындайды.

**А. МАНУИЛОВ.**

## Құрылысшылардың үлгісі

Приешім ауданындағы «Бостандық» қолхозында құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Қолхоз басқармасы быйыл 100 және 150 бастық екі қора салуды жоспарлаған еді. Көзір осы қораларды салу жұмыстары аяқталып келеді. Бұл құрылыстарды сауда қолхоз шеберлері Қ. Бейсенбаев, Ж. Жақынов және басқалары көрнекті еңбектерімен көзге түсіп, басқаларға үлгі көрсетуде.

**Ә. НҰРАҚАЕВ.**

## Малды жемшөппен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, көптеген облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет және ауылшаруашылық органдарының әрбір қолхоз бен совхозда берік жемшөп базасын жасау ісін әлі де шындап қолға алмағанын, бұл істегі салақтықты жоймағанын атап көрсетеді. Бірқатар облыстардың, өлкелер мен республикалардың қолхоздары мен совхоздары біржылдық шөп, сүрленетін дақылдар және тамыржемістер егу жоспарларын орындамай, егінді күту жұмысын қанағаттанғысыз жүргізуде. Әсіресе Өзбек ССР-інің, Эстон ССР-інің, Литван ССР-інің, Куйбышев, Астрахань, Иваново, Калинин, Смоленск және Ярославль облыстарының қолхоздары жемшөптік тамыржемістер мен жемшөптік бақша дақылдарын егу жұмыстарын нашар жүргізді.

СРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі және олардың жергілікті органдары тарапынан қанағаттанғысыз басшылық етілуі салдарынан көптеген қол-

г) пішен жыйнауға қолхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мүмкіндігінше көп бөлігі қатыстырылатын болсын, жемшөп дайындауда қолхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандыру шараларын қолдану қамтамасыз етілсін, олар шөп шабу кезінде ішкі шаруашылық және басқа екінші дәрежедегі жұмыстардан босатылып, қолхоздар мен совхоздарда қажет болған жағдайда пішеншілер бригадалары үшін қоғамдық тамақтану ісі ұйымдастырылсын, сөйтіп, жемшөп дайындауда жұмыс істейтін барлық қолхозшылар мен совхоз жұмысшыларының күндік жұмыс нормаларын орындауы және асыра орындауы қамтамасыз етілсін.

Жұмысшы күші жеткіліксіз болып отырған қолхоздар мен совхоздарда пішен жыйнау және жемшөп сүрлеу жұмыстарына еңбекке жарамды село халқы, сонымен қатар қалалар мен қала типіндегі поселкелер халқы қатыстырылсын, бірақ мемлекеттік кәсіпорындар мен құрылыстардың жұмысына нұқсан

келтірілуі, әсіресе, қораларға автомат суарғыштардың енгізілуі бізге едәуір әсер берді. Мұнда мал қораларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаластырылуындағы қолданылып отырылған әдіс өте жабайы және оны барлық шаруашылықтарда қолдануға пайдалы деп білдік. Совхоз коллективі біздің көлуімізді жылы шыраймен қарқ алып, өздерінің табысқа жетуіндегі тәжірибелерін айтып берді және біздің мал өсірушілерімізбен пікір алды.



Сонымен бірге, біз совхозда мал басының өсуіне, мал шаруашылығы өнімдерінің артуына қоралар құрылысының толық жауап бермейтіндігін байқадық. Мұнда жаңа жоба бойынша салынған стандартты қоралар өте аз. Сондықтан бірқатар мал ескі, ауыр жұмыстарды механикаластыруды қыйындататын қораларда күтеледі. Совхоз жоспар бойынша быйыл стандартты екі сыйыр қорасын, бір шошқа

қалаңдырылуы, әсіресе, қораларға автомат суарғыштардың енгізілуі бізге едәуір әсер берді. Мұнда мал қораларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаластырылуындағы қолданылып отырылған әдіс өте жабайы және оны барлық шаруашылықтарда қолдануға пайдалы деп білдік. Совхоз коллективі біздің көлуімізді жылы шыраймен қарқ алып, өздерінің табысқа жетуіндегі тәжірибелерін айтып берді және біздің мал өсірушілерімізбен пікір алды.

Сонымен бірге, біз совхозда мал басының өсуіне, мал шаруашылығы өнімдерінің артуына қоралар құрылысының толық жауап бермейтіндігін байқадық. Мұнда жаңа жоба бойынша салынған стандартты қоралар өте аз. Сондықтан бірқатар мал ескі, ауыр жұмыстарды механикаластыруды қыйындататын қораларда күтеледі.

Совхоз жоспар бойынша быйыл стандартты екі сыйыр қорасын, бір шошқа

**А. ЯНОВЛЕВ,**  
Экскурсанттар тобын басқарушы,  
Көкшетау облысы, Келлеров аудандық Совет атқамінінің председатели.



Үстеміндегі жылы Образцовая МТС-нің орталық усадьбасында тың жерлерді игеруге келген жұмысшылар үшін бір және екі пәтерлі 16 үй орна-тылады. Көзірдің өзінде 5 үй құрастырылды. СҮРЕТТЕРДЕ: 1. Образцовая МТС-нің орталығындағы стандартты үйлер. 2. Булаев ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Маленков атындағы астық совхозы 8 пәтерлі, 4 пәтерлі және бір пәтерлі стандартты 35 үй алды. Көзір бұл үйлер темір жол бойынан совхоздың орталық усадьбасына тасылуда. Көзір бұл үйлер темір жол Суретті түсірген А. Розенштейн.



# Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы

**СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньде қабылдаған қаулысы**

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

в) МТС-тердегі, колхоздар мен совхоздардағы барлық жемшөп тұрағыштарды барынша толық пайдалануға ерекше назар аударылысын. Әрбір колхозда жемшөптің мезгілінде сүрленуін қамтамасыз ету есебімен МТС-те жемшөп сүрлейтін комбайндар мен сүрленетін жемшөп тұрағыш тракторларды көшіріп отыратын график белгіленсін;

г) жемшөптік тамыржемістер мен жемшөптік бақша дақылдарын өсіруді жете бағалаушылық қойылып, бұларды барлық жерде де жақсы күту қамтамасыз етілсін, жемшөптік тамыржемістер мен жемшөптік бақша дақылдары мезгілінде жыйналып, сақталатын жерге мезгілінде жеткізілсін;

д) ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігіне және Орталық тұтынушылар кооперациясы одағына жемшөп сүрлейтін мұнараларды, жемшөп сүрлейтін құрылыстарға керекті бөлшектерді, сонымен қатар құрылыстар салуға бөлінген цементті, ағашты, және басқа құрылыс материалдарын колхоздар мен совхоздарға мезгілінде және толық беруді қамтамасыз ету міндеттелсін. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі, 1954 жылдан бастап, колхоздар мен совхоздарда жемшөп сүрлейтін құрылыстар салуға керекті бөлшектер, темір-бетон плиталар мен блоктар жасауды ұйымдастыратын болсын.

### 3. САБАН ЖЫЙНАУ ЖӨНІНДЕ:

а) сабан шөмелегіштері бар комбайндардың жұмысы қамтамасыз етілсін, комбайн мен егін жыйнауын ізінше сабанды дереу маялау ұйымдастырылсын, сөйтіп егістік жер оған әрі өңдеу үшін мезгілінде сабаннан босатылсын және сабан мен басқа егін дәнінің қалдықтарын малдың азығына пайдалану үшін жыйнау қамтамасыз етілсін;

б) барлық МТС-тер мен совхоздарда сабан мен басқа егін дәнінің қалдықтарын мезгілінде жыйнау үшін шөмелегіштерді, сүйреткілерді, маялағыштарды және басқа құралдарды әзірлеу жұмысы ұйымдастырылсын.

### 4. МАЛ ҚЫСТАТУҒА ӘЗІРЛЕНУ ЖӨНІНДЕ:

а) быйылғы жылы мал қыстатуға мезгілінде әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу, сөйтіп барлық колхоздар мен совхоздарда малдың толық аман сақталуын және оның өнімділігін арттыру қамтамасыз етілсін;

б) колхоздар мен совхоздарда жергілікті құрылыс материалдарын—ағаш, кірпіш, әк, черепица, жоңқалар, тағы басқаларын дайындау және өндіру жұмысы ұйымдастырылсын; мал қораларын,—сыйыр қораларды, бұзау қораларды, шошқа қораларын, қой қораларды, күс қораларды және басқаларды жаңадан салу және ескілерін жөндеу жұмыстары малды қорғау бағып-күтуге қойғанға дейін аяқталсын, бұл мақсаттар үшін тұрақты құрылыс бригадалары құрылсын;

в) құрылыс материалдарын тасымалдауда, ағаш тілуде және мал қораларын салу жөніндегі басқа жұмыстарды жүргізуде, сонымен қатар мал фермаларын механикаландыру жөніндегі жабдықтарды құрастыруда колхоздарға МТС күнтерімен барынша көмек көрсетілсін;

г) барлық колхоздар мен совхоздарда қолда бар жемшөптің тұрғын сақталуы және ұқындылықпен пайдаланылуы қамтамасыз етілсін, жай жемшөптің қажетті мөлшері мал қыстату басталғанға дейін мал фермаларына тасып жеткізілсін, малға жемшөпті тек әзірленген күйінде беру ұйымдастырылсын, бұл үшін жемшөп өңдейтін барлық машиналар, бұлағыштар және басқа қондырғылар мен жабдықтар пайдаланылсын;

д) әрбір колхоз мен совхоздың қысқы жайылым участкаларында пішен мен басқа жай жемшөптің қажетті мөлшерде сақтық қорларын жасауы қамтамасыз етілсін, ал шабындық жеткіліксіз болған күнде пішенді, әдетте, престелген түрінде мезгілінде тасып жеткізу ұйымдастырылсын, бұл жемшөп қорлары малдың орналастырылуын еске ала отырып, қысқы жайылым участкаларына бөлініп берілсін.

Партия, совет және ауылшаруашылық органдары қысқы жайылымдарда малды жемшөптен, сумен, қоралармен қамтамасыз етуге, сонымен қатар малдерігерлік жағынан қамтуға күн ілгері қамқорлық жасауға тиіс. Қысқы жайылымдарда малды бағып күту үшін бұл істі білетін, зоотехниктер басқаратын ең тәжірибелі колхозшылар бөлінсін.

Облыстық, өлкелік және республикалық партия, совет, ауылшаруашылық органдарының басшылары жайылымдарда мал қыстату ісінің жайына үнемі бақылау қоюға, сөйтіп, малдың шығын болуына жол бермеуге міндетті. Қысқы жайылымдарда малды күту жұмыстарында істейтін шопандар мен басқа колхозшыларды материалдық-түрмыс жағынан қамтамасыз ету және мәдениет жағынан қамту ісін жақсартуға елеулі шаралар қолданылсын.

(Соңы келесі санда).

## МАШИНАЛАР САТЫП АЛДЫ

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелиде бұрын екі жүк машинасы болатын. Жуырда колхоз мемлекетке таштырылған ет үшін жаңадан төрт тонналық автомобиль сатып алды. Сонымен бірге колхоз 22 аттық күші бар жаңа двигатель де алды.

\*\*\*

Осы аудандағы Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артели де ұйымдастыру, шаруашылық жағынан нығайып келе жатқан колхоздың бірі. Бұл колхоз жуырда жаңа машина сатып алды. Колхозды селоны электр жарығымен қамтамасыз ету үшін жаңа электромотор алып, станция құрылысын бастауды ұйғарып отыр. Мұның өзі колхоздағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға, сөйтіп, адамдардың еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

## Тұрғын үйлер

Полудень ауданының Бутрово селосында тұрғын үйлер салу жұмысы қызу жүргізілуде. Көзірдің өзінде МТС-тің механикаторлары мен жұмысшылары үшін 40-қа жуық тұрғын үйлер салынып жатыр. Ал, өз мәнінсіне тұрғын үй салушылардың ішінде Ново-Георгиев МТС-нің тоқарі Кудрявцев, Шоферлар Степанов пен Данилов, комбайншылар Тихонов пен Семенов және басқа көптеген колхозшылар бар.

МТС дирекциясы мен Мәжітов атындағы колхоздың басқармасы үй салушыларға қажетті материалдарды тасу және басқа жұмыстарға үлкен көмек көрсетуде.

## Оқушылардың совхозға көмегі

Совет ауданындағы Қыялы орта мектебінің оқушылары картоп және овошты баптап, өсіруде совхозға үлкен көмек көрсетуде. Оқушылар өздерінің күшімен 2 гектар жерге картоп пен овошты шаршы-ұялау әдісімен отырғызды. Бұл алаңдағы картоп пен овоштың арамшөбің отай, оны баптап өсіруді өздерінің міндетіне алды.

Мектеп оқушылары бірнеше звеноға бөлінген. Оларды 6-7 кластың оқушылары Ченшо, Равитин және басқалары басқарады. Көзір оқушылар өздерінің участкасында отырғызылған картоп пен овошты уақытылы суарып, баптап өсіруде.

## Үлгілі әзірлік

Ленин ауданындағы Ильинка жетіжылдық мектебінің коллективі жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірленуде. Көзір мұнда мектептің жеңіл жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Жөндеуге тиісті 112 парта, класс тақталары, сол сыяқты, столдар мен орындықтар жөндеуден толық өткізілді.

Мектеп коллективі көзірдің өзінде қысқа қажетті 80 текшеметр отын дайындап, оны мектеп жағына тасып алды.

## Парды күту

Булаев ауданындағы Совет совхозының коллективі пар жұрту жұмыстарының жоспарын 103 процент орындап шықты. Көзір совхоз жұрттың парды жұмыс-



СУРЕТТЕ: 1. Тоқшын ет-сүт совхозының ай сайын кемінде екі норма орындаушы 60 жастағы тоқарі А. Осипенко. 2. Петропавлдағы «Комсомолна» тігін фабрикасының агрегат мастері Н. Фурсова арнаулы машинада жұмыс істеуші озат мотористка Шарипа Галиеваның жұмысын тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Үнем үшін күрес

Біздің темекі фабрикасының коллективі өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындап, өнім сапасын жақсарту, өнімнің өзіндік құнын кеміту және шикізаттар мен материалдарды үнемдеу үшін күресуде. Біздің кәсіпорнымыз өнімнің өзіндік құнын ай сайын кемітіп, келеді. Фабрика жыл басынан бері жоспар бойынша 371 мың сом үнемдесе, жоспардан тыс 41 мың сом қаржы үнемдеуге жетісті.

Еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беру—кәсіпорынның негізгі көрсеткіші. Социалистік жарыста алған міндеттемелерді мүлтіксіз жүзеге асырып, өнім сапасын жақсарту беру, еңбек өнімділігін арттыруды әрдайым еселей беру—жұмысшылардың еңбекке көзқарасын, оның мамандығын жетілдіре беруінің нәтижесі. Біздің фабрикамызда барлық жұмысшылар социалистік жарыспен толық қамтылған. Сменалық, айлық тапсырысты асыра орындау—жекеден адамдардың рекорды болмай, өндірісте цех адамдары, бригада мүшелері тапсырысты түгел орындайтын дәрежеге жетті.

Мәселен, цехаралық социалистік жарыста бірінші орынға шыққан өңдеу цехының барлық жұмысшылары нормаларын 115 проценттен 180 процентке дейін орындады. Жалпы темекі фабрикасында сменалық, айлық тапсырысты орындамайтын бірде-бір кісі жоқ. Бұған өзара жолдастық көмек пен өндірістің нұсқау да пайдалы әсерін тигізуде. Сөйтіп, кәсіпорында еңбек өнімділігі 106 процентке дейін көтерілді.

Жаңалық тапқыш ұсыныстарға фабрика коллективі жеткілікті назар аударып отырады. Ол өнімнің өзіндік құнын кемітуге және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіншілік беріп отыр. Бірақ, жаңалық тапқыш ұсыныстар өндіріске әлі сабан енгізіледі. Мәселен, жаңалық тапқыш Рыбка жолдас жасаған ақау болдыртпайтын машина мақұлданып үш айда асты. Ол әлі жасалып жатыр, бірақ оның өндіріске пайдалануға қашан берілетіні белгісіз.

Жұмысшылар мен инженер-техник кадрлардың шикізат пен материалды үнемдеу жөніндегі жауапкершілігін күшейте беру керек. Біздің фабрикамызда шикізатты үнемдеуге барлық жұмысшылар жұмылдырылған. Әрбір жұмысшы өзі қабылдаған жарыста қандай шикізатты қанша үнемдейтіндігін атап көрсетеді. Бұл жөніндегі алған міндеттемелерін жұмысшылар аброймен орындап жүр.

Жыл басынан бері бірнеше мың киловатт электр қуаты және көптеген тонна отын үнемделді.

Өндірістік жоспарды орындау, шикізат пен қаражат үнемдеу жөніндегі қол жеткен табыстармен қанағаттанып қалмай, фабрика коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын аяқтап, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, еңбек өнімділігін арттыра береді.

Г. СМЕЛОВ.

Темекі фабрикасының жоспарлау бөлімінің бастығы.

## Партиялық-саяси жұмысты күшейтейік

Селолық партия қызметкерлерінің облыстық семинарынан

Бұрнағы күні облыстық партия комитеті өткізген аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары жөніндегі секретарьларының, нұсқаушылардың және колхоз, МТС, совхоз бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинары аяқталды.

Семинарда селолық партия қызметкерлері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының талабына сәйкес жаңа жағдайда жүргізілген жұмыс тәжірибелерін ортаға салды. Бұл мәселе жөнінде 16 адам сөз сөйледі.

социалистік жарыстың пәрменді ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру, озаттардың тәжірибелерін насихаттау мақсатына бағытталған. Партия ұйымы көктемгі егістің алғашқы күндерінде еңбек өнімділігінің үлгісін көрсеткен коммунист Игнатенко жолдас басқарған трактор бригадасының жұмыс тәжірибесін жалпының игілігіне айналдырды. МТС көктемдегі және тыңайған жерлерді игеруді бірінші болып аяқтап, облыстық құрмет тақтасына жазылды. Ленин аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Бошатаев жолдас партия ұйымы жоқ колхоздарда

тия ұйымдары партиялық жұмыстың негізгі мәселелері—комсомолецтер мен жастар, әйелдер арасындағы жұмыспен және озат тәжірибелерді насихаттау жұмыстарымен жеткіліксіз шұғылданып келгенін көрсетті.

Селолық партия қызметкерлері ауылшаруашылық өндірісінің мәселелерін жете білуге тиіс. Алайда, семинарда бірде-бір партия қызметкерлері ауыл шаруашылығы жөнінде білімдерін арттыру туралы айтпай аузын ашпады. Ал, шынында селолық партия қызметкерлері ауылшаруашылық өндірісінің мәселелерін жете білуге тиіс.

СЕЛО ЕҢБЕКШІЛЕРІ ҚАЖЕТТІ ТОВАРЛАРЫН АЛА АЛМАЙ ОТЫР



совхоз аймақтарында аудандық партия комитетінің секретарлары бастаған топ қызметкерлерінің жұмыс істеуі аз уақыттың ішінде партия басшылығын ауыл шаруашылық өндірісіне біраз жақындатқанын көрсетті. Аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері бастауыш партия ұйымдарында, колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлері бұқарасы арасында үнемі болып, шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстардың жайымен терең шұғылданатын болды. Осының нәтижесінде партия ұйымдарының ролі артты. Бұқара арасындағы саяси жұмыстың өрісі кеңейді.

Совет МТС-і партия ұйымының секретары Павленко жолдас өзінің сөзінде партия ұйымының саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу жөніндегі тәжірибесін айтты. Станцияда партиялық саяси жұмыстың барлық түрлері мен әдістері МТС қызметкерлерінің

топ қызметкерлерінің тәжірибесін айтты.

Сонымен қатар, семинарда кейбір бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің МТС, совхоз аймақтары жөніндегі топ қызметкерлерінің жұмысында елеулі кемшіліктер бар екенін байқатты. Мамлют аудандық партия комитетінің аусқаушысы Мингалев, Петропавл аудандық партия комитетінің Петропавл МТС аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдастар жаңа жағдайда жұмыс істеу жөнінде мардымды ештеңе айта алмады. Тимошин жолдас «жұмысты жаңаша қалай ұйымдастыру керек, мен білмеймін» деп өзінің өмірдегі жаңалықты сезбейтіндігін көрсетті. Семинарда партия ұйымдарының комсомол ұйымдарына басшылығы әйелдер арасындағы саяси жұмыс, өндіріс озаттарының тәжірибелерін зерттеу, оны насихаттау жөнінде әлгіме өте аз болды. Мұның өзі пар-

туға тиіс.

Семинарға қатысушылар өткен жексенбі күні Мамлют совхозында, Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхозда болып, бұл шаруашылықтардың өндірістері мен танысты.

Сонымен қатар, семинарға қатысушылар ауыл шаруашылық өндірістерін ұйымдастыру, озат шаруашылықтардың тәжірибелері, агротехникалық ғылым мен озат тәжірибесін колхоз, совхоз өндірісіне енгізу және басқа тақырыптарда лекциялар тыңдады. Облыстың алдыңғы қатарлы мал өсірушілері мен еріншілері, механикаторлары өздерінің тәжірибелерін айтты.

Семинарда облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас үгіт-насихат жұмысының міндеттері туралы, облыстық партия комитетінің секретары Попадько жолдас облыс партия ұйымының кәзіргі міндеттері туралы баяндама жасады.

тауға жіреті. 2500 гектар пар дөңгелекпен. Тың жерлерден жөтелген парды жұмыстауда 8 трактор тоқтаусыз жұмыс істеп жүр.

### Жаңа совхоздарда шөп шабу

Октябрь ауданының жаңа ұйымдастырылған совхозлары шөп шабуды қызу жүргізуде. Интернационал, Держинский атындағы, Тимирязев атындағы, Ишимек және басқа астық совхоздары кеңалымды шөп машиналарын өнімді пайдалану арқылы жүздеген гектар аланның шөбін шапты.

### ҚОРА САЛЫНДЫ

Октябрь ауданындағы Интернационал колхозында құрылысшылар бригадасы жұмыс істейді. Оны тәжірибелі шебер П. Буслов жолдас басқарады. Жақында құрылыс бригадасы 140 бастық стандартты шошқа қорасын салуды аяқтады.

қандай да болсын шығарылып жатқан товарларды тұтынушыларға, әсіресе, ауыл-село еңбекшілеріне уақытында жеткізу — аудандық тұтынушылар одағы мен селолық тұтынушылар қоғамының ең абройлы борышы. Колхозшылар мен село интеллигенттерінің әл-ауқат және мәдени-тұрмыс дәрежесі күн сайын жақсара түсуде. Олар әдемі, сәнді тігілген киімдер мен азық-түлік товарларының көптеп сатылуын талап етеді.

Алайда, еңбекшілердің бұл заңды тілектерін Полудень ауданының сауда орындары мүлтіксіз орындап келеді деп айтуға болмайды. Ауыл мен селолардағы дүкендерде өндіріс товарларының қажетгі ассортименттері үнемі түсіп тұрмайды. Токның селолық тұтынушылар қоғамы дүкенінің сатушысы Першина жолдаспен әңгімелескенімізде ол:

— Бізде қажетті товарлардың ассортименттері үнемі түсіп тұрмайды. Мәселен, қазір әйелдердің жазғы көйлегінгік жібек пен костюмдік маталарға сұрау көп, бірақ біздің дүкенде олар жоқ. Ал, село

адамдары пальто, костюмдер алып кию үшін басқа қалаларға баруға мәжбүр болуда, — дейді.

Селолық тұтынушылар қоғамының председатели Н. Коривченко тұтынушылардың мұндай тілектеріне құлақ аспайды. Тіпті селолық тұтынушылар қоғамының дүкенінен сатып алған бұйымдарды орайтын қағаз таба алмайсыз және ол мұнда болған да емес.

Токның совхозының орталығындағы дүкеннің сатушысы Фоменко жолдас совхоз коллективіне керекті өнеркәсіп және азық-түлік товарларының молшылығына карамастан, жұмысын кооперациясы басшыларының оларды уақытында жеткізе алмай отырғандықтарын ренішпен айтады.

Ауданның кейбір колхоздары жегу әбзелдерін алу үшін әдейілен Омск, Петропавл қалаларына барады. Жегу әбзелдерін әкеліп сатуды аудандық тұтынушылар одағының басшылары тіпті ескермей отыр.

Б. ЖАҚЫНОВ.



# Колхоз, совхоздарда кўрылыс жұмыстарын тез және сапалы жүргізейік

## Мал қораларын жаңадан салу және жөндеу жұмысы кең өріс алсын

Приешім ауданындағы «Новая жизнь» колхозында қоғамдық мал саны көбейіп, оның өнімділігі артып келеді. Осыған байланысты колхозшылар мал қораларын жаңадан салу жұмысын да кеңінен өрістетіп түсуде. Мәселен, мұнда өткен жылы сыйыр малы үшін саман кірпішінен бір үлкен стандартты қора салынса, быйыл тағы да сол материалдан сыйыр, жылқы, шошқа малдары үшін үш стандартты қора салынып жатыр. Бұл қоралардың шарттары шифермен жабылады.

Құрылыс бригадасын еңбек ұйымдастыру ісінде, құрылыс жұмысында тәжірибесі мол, ағаш шебері Шрейдер жолдас басқарады. Бригада құрамында 13 адам бар, олардың барлығы осы жұмысқа тұрақтандырылған. Колхоз басқармасы бригадаға үнемі басшылық жасап, оны қажетті құрылыс материалдарымен кезінде жабдықтап отырады. Ал, мұның өзі құрылысшылардың еңбекке деген белсенділігін арттырып, еңбектің өнімді болуына мүмкіншілік туғызып отыр.

Мамлют ауданындағы Куйбышев атындағы колхозда да малды жайлы қоралармен қамтамасыз ету ісіне ерекше назар аударылуда. Бұл колхозда сыйыр малы үшін салынып жатқан стандартты екі жаңа қораның құрылысы аяқталуға жуық. Ол қораларда электр жарығы жағуы сабақты мал азығын малға дайындап беруге лайықталып жабдықталған арнаулы орындар болады, автомат суарғыш орнатылады.

Совет ауданындағы «Көктерек» колхозы мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда ауданда озат колхоздардың бірінен саналады. Соңғы жылдары бұл колхоздың қоғамдық малы құнарлы азықпен, жайлы, кең қоралармен үздіксіз қамтамасыз етіліп келеді. Мұнда өткен жылы сыйымдылығы 100 бұзаулық шлак-бетоннан бір қора салынды. Быйыл тағы да сыйымдылығы 100 сыйырлық шлак-бетоннан бір қора салынып жатыр. Бұрынғы қораларды жөндеу қарқыны қыза түсуде. Құрылыс жұмысын колхоздың председатели Е. Құсайынов, ферма меңгерушісі Ғ. Қабжанов жолдас-тардың өздері басқарады. Құрылысшылардың мақсаты — тағуды бір-екі жылда барлық түлікті тек стандартты қораларда ғана бағып күтуге жетісу.

Мал қораларын жаңадан салу және бұрынғы қораларды жөндеу жұмысында осы сияқты ойдағыдай жұмыс істеп келе жатқан колхоздар аз емес. Бірақ, аудан, МТС басшылары стандартты қораларды көбейту жөнінде озат колхоздардың инициативасын үнемі қолдап келеді, бұл жөнінде артта қалған колхоздарға нақтылы басшылық жасап, көмек көрсетіп отыр деуге болмайды. Осының салдарынан жоғарыда аталған аудандарды тұтастай алғанда оларда мал қоралары жыл сайын жеткілікті болып келеді. Әресе, стандартты қоралардың азығын фермада

мал орналасатын жаңадан төрт стандартты қора салу жоспарланған. Әрине, бұл жақсы инициатива. Бірақ, инициативаны бастаумен ғана іс бітпейді, істің нағыз керектісі сол — басталған инициативаны қолдап, оны іс жүзінде орындай шығу. Міне, құрылыс жұмысына басшылық етудің осы жағы бұл колхозда мүлдем нашар болып отыр. Сол себепті колхозда жаңа қораларды салу жұмысы төзгісіз баяу жүргізіліп келеді. Мұнда құрылысқа қажетті материалдар толық тасылғып та алынбаған.

Бұл ауданның «Смычка», «Путь к коммунизму» және Чапаев атындағы колхоздарында мал азығының жеткіліксіздігінен, мал қораларының азығынан, бар қораның мал қыстатуға қолайсыздығынан өткен қыста бірқатар мал індетке шалдығып шығып болды. Аталған колхоздардың басшылары өткен жылғы бұл кемшіліктерден быйыл қорытынды шығарып отыр ма, жоқ. Бұларда оңдаған ескі қоралар жөндөлместен ашық-тесік қалпында, мал қыйынан тазартылмастан тұр.

Үстіміздегі жылы облыстың колхоздарында сыйыр малы үшін 545, қой-ешкіге 170, жылқыға 50, шошқаға 150, құсқа 340 жаңа қоралар салынуы керек. Сонымен қатар жүздеген қоралар жеңіл, күрделі жөндеулерден өткізілуге, көп қораларда еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылуға тиіс. Бұл көлемі жағынан да, маңызы жағынан да азы жұмыс емес.

Партия мен үкметіміз колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын табысты шаруашылыққа айналдыруға, оны шұғыл өркендетуге зор қамқорлық жасап келеді. Бұл қамқорлық СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының қаулыларынан және мемлекетіміздің күнбе-күн көрсетіп отырған материалдық-техникалық көмегінен айқын көрініп отыр. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары басшыларының кезіргі жауынгерлік міндеттері сол — пленум қаулыларын еңбекшілер бұқарасына жете түсіндіре отырып, мал шаруашылығын жаңа міндеттер дәрежесіне сай өркендетуге оларды жұмылдыра білу.

Кәзір колхоздар мен совхоздарда мал қораларын жаңадан салудың, бұрынғы қораларды жөндеуден өткізудің ең жауапты кезеңі. Бұл жауапты кезеңді, құрылыс жұмысына жазғы қолайлы маусымды босқа өткізуге болмайды. Мал басының өсуі, оның өнімділігінің артуы, малдың қыстан аман, күйлі шығуы құнарлы жемшөппен қамтамасыз етілуге қандай тығыз байланысты болса, оның жайлы, ауасы кең, жарық, жылы, таза қоралармен қамтамасыз етілуіне де сондай байланысты. Олай болса, колхоз, МТС, совхоздардың партия, совет ұйымдарының басшылары мал қораларын жаңадан салу және жөндеу жұмыстарын тез және сапалы жүргізейік деп

## Новопавловтықтардың үндеуіне іспен жауап береміз

Біздің Советтің депутаттары мен активтері Петропавл ауданындағы Новопавлов селолық Советінің елді пункттерді көркейту туралы үндеуін қызу еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды.

Колхозшылар бұл үндеуді талқылап, өз селоларын бұрынғыдан да жақсы көркейту жолында шараларды белгілеп, бар күш-мүмкіншіліктерді толық пайдаланды ұйғарды.

Совет қамтуындағы «Красный Октябрь», «Путь к коммунизму» колхоздарында құрылыс жұмыстары кәзірдің өзінде қызу қолға алынды. «Путь к коммунизму» колхозында стандартты 100 бұзау сыятын қора жақында салынып бітеді. Ал, қара мал қораларын салу жұмыстары да басталды.

«Красный Октябрь» колхозында 300 адамдық орыны бар клуб салынып жатыр. Бұл клуб күзге дейін толық жабдықтылып, пайдаланылуға беріледі. Колхоз жетікылдық мектебінде оқушы саны көбеюіне байланысты жаңадан екі класс бөлмесін қосуға тиісті едік. Міне, бұл жұмысты да аяқтауға жақынбыз. Басқа мектептерде де жөндеу жұмысы жүргізіліп, отын қорымен қамсыз ету жағдайы қарастырылып отыр.

Колхоз көшелерін көркейту жұмысы да қолға алынып, біраз күрделі жұмыстар жүргізілді. Тек үстіміздегі жылдың өзінде 700-ге жуық ағаш отырғызылды. Колхозшылардың тұрғын үй салуына колхоздар көп көмек жасап отыр. Осы жылдың өзінде 30 дан астам колхозшыларға тұрғын үй салынбақ.

Николаевка селолық Советінің қамтуындағы колхоздарды жылдан-жылға көркейтіп, новопавловтықтардың үндеуіне іспен жауап береміз.

**А. ФЕДОТОВ,**

Полудень ауданындағы Николаевка селолық Советінің Председатели.

## Жаңа қоралар салынауда

Мамлют ауданындағы Куйбышев атындағы колхозда тұрақты құрылыс бригадасы бар. Бригаданың құрамында 15 колхозшы жұмыс істейді. Олардың көпшілігі ағаш шеберлері.

Құралыс бригадасының мүшелері өткен жылы жаңа үлгі бойынша екі мал қора салды. Колхозшылар быйыл әрқайсысы 100 бастық екі сыйыр қорасын салуды жоспарлаған-ды. Колхоз басқармасы бұл құрылыстар үшін керекті материалдарды дайындауды ерте ұйымдастырды. Сондықтан құрылыс бригадасы да жаңа қораларды салуға ерте кірісіп, онда жұмысты өнімді істеуге мүмкіндік алды. Осылардың нәтижесінде бұл күндері жаңа құрылыстың есеуінің де негізгі жұмыстары аяқталып, қалғандары еңбекшілермен бірге істеліп жатыр.

## Совхоз орталығын көрікті, мәдениетті қалаға айналдырамыз

Быйыл біздің Булаев совхозы коллективтің алдында әлі де үлкен міндеттер тұр. Біз быйыл кәзіргі салынып жатқан құрылыстардан басқа тағы да 20-дан астам жаңа құрылыс салуымыз керек. Бұл еңбек өнімділігін бұдан былай да арттыра беруді талап етеді. Мұны жақсы түсінген құрылысшылардың еңбекке деген ынталылығы күшті.

Бірақ, айта кетуіміз керек, Петропавл совхоздар тресі және оның директоры Зенченко жолдас біздің совхозды керекті құрылыс материалдарымен кезінде және толық қамтамасыз етпей, құрылыс жұмысының жағдайын жақсарту жөнінде совхоз басшыларына көмектеспей отыр. Ал, дымен совхоздар тресінің басшылары басқа жақтан әкелінген стандартты-жүйе-наамалы үйлерді әрбір совхозға оның жер көлемімен сәйкес етіп бөлуді ескермей келеді. Сондықтан ол үйлерді совхоздар бір-бірімен таласа-тармаса бөліске салып жүр. Бұл әрине, дұрыс емес. Сонымен бірге құрылыс жұмысына керекті шеге, тұтқа, темір, бұрандалы шеге, әк, цемент, кірпіш тағы басқа материалдар өте тапшы болып отыр. Ал, құрылысшыларды керекті жұмыс құралдарымен — балта, ара, қаннау, сүргі тағы басқаларымен бір орталықтан қамтамасыз етуге де аз көңіл бөлінуде.

Жоспар бойынша біздің совхоздың 21 мың гектар егістікке жарамды жері болуы керек. Ал, кәзір мұндай жерлердің көлемі 10,5 мың гектар ғана. Бұл жағдай совхоздар тресіне белгілі. Бірақ совхоздың жер көлемі ұлғайтыла ма, әлде сол мөлшерде қала ма, міне, мұны тезірек анықтауды трест ойластырмай, ұзақ соңарта салуда. Мұның өзі совхоздың орталығын құруға да кері әсерін тигізіп отыр. Өйткені, совхоздың орталығы оның егістік жер көлеміне сәйкес құралатыны мәлім. Ал, совхозда егістік жердің қай көлемде болатыны анықталмағандықтан, оның орталығының құрылысын да белгілей қою қиыны болып отыр.

Біздің совхоздың коллективі түгелінен партияның шақыруы бойынша еліміздің басқа облыстарынан тың жерлерді игеруге келген патриоттар.

## Барлық мал жайлы қоралармен қамтамасыз етіледі

«Новая жизнь» ауылшаруашылық артели Приешім ауданындағы шағын колхоздардың бірінен саналады. Колхоздың мәңгі пайдаланылуына бекітіліп берілген 3550 гектар жер бар. Оның 300 гектардан астамы мал жайылымдық жерлер. Соңғы жылдары қоғамдық мал саны көбейіп, оның өнімі едәуір артты. Кәзір біздің колхозда 5 мал фермасы болса, оларда қуәтардан басқа 2400-ге жуық мал бар. Өткен жылы колхоз мүшелері мал өсіруге, сондай-ақ олардан мол өнім

коллективтің алдында әлі де үлкен міндеттер тұр. Біз быйыл кәзіргі салынып жатқан құрылыстардан басқа тағы да 20-дан астам жаңа құрылыс салуымыз керек. Бұл еңбек өнімділігін бұдан былай да арттыра беруді талап етеді. Мұны жақсы түсінген құрылысшылардың еңбекке деген ынталылығы күшті.

Бірақ, айта кетуіміз керек, Петропавл совхоздар тресі және оның директоры Зенченко жолдас біздің совхозды керекті құрылыс материалдарымен кезінде және толық қамтамасыз етпей, құрылыс жұмысының жағдайын жақсарту жөнінде совхоз басшыларына көмектеспей отыр. Ал, дымен совхоздар тресінің басшылары басқа жақтан әкелінген стандартты-жүйе-наамалы үйлерді әрбір совхозға оның жер көлемімен сәйкес етіп бөлуді ескермей келеді. Сондықтан ол үйлерді совхоздар бір-бірімен таласа-тармаса бөліске салып жүр. Бұл әрине, дұрыс емес. Сонымен бірге құрылыс жұмысына керекті шеге, тұтқа, темір, бұрандалы шеге, әк, цемент, кірпіш тағы басқа материалдар өте тапшы болып отыр. Ал, құрылысшыларды керекті жұмыс құралдарымен — балта, ара, қаннау, сүргі тағы басқаларымен бір орталықтан қамтамасыз етуге де аз көңіл бөлінуде.

Жоспар бойынша біздің совхоздың 21 мың гектар егістікке жарамды жері болуы керек. Ал, кәзір мұндай жерлердің көлемі 10,5 мың гектар ғана. Бұл жағдай совхоздар тресіне белгілі. Бірақ совхоздың жер көлемі ұлғайтыла ма, әлде сол мөлшерде қала ма, міне, мұны тезірек анықтауды трест ойластырмай, ұзақ соңарта салуда. Мұның өзі совхоздың орталығын құруға да кері әсерін тигізіп отыр. Өйткені, совхоздың орталығы оның егістік жер көлеміне сәйкес құралатыны мәлім. Ал, совхозда егістік жердің қай көлемде болатыны анықталмағандықтан, оның орталығының құрылысын да белгілей қою қиыны болып отыр.

Біздің совхоздың коллективі түгелінен партияның шақыруы бойынша еліміздің басқа облыстарынан тың жерлерді игеруге келген патриоттар.

Совхоздың құрылыс жөніндегі тізіміне дәуір мен қызыл мүйіздің құрылысы енгізілмеген. Сондай-ақ аурухана құрылысының жобасы дұрыс көрсетілмеген. Міне, осы кемшіліктер мен қателіктердің барлығы совхозда құрылыс жұмыстарын ойдағыдай жүргізуімізге бөгет болып келеді.

Совхоздағы құрылыс мамалары құрылыс тізімінде көрсетілгендей, саман кірпіштен салынатын құрылыстардың іргесін — табанын (фундаментін) кемінде 2 метр тереңдікте орнатуды ұйымдастырып келеді. Ал, біздің жердің қатты қабатты жағдайында құрылыстың табанын 70—80 сантиметрге тереңдікте орнатуы өзі, ол құрылыстың 60—70 жылға дейін іргесі бұзылмай тұратындығы практикада көрініп келеді. Сондықтан үй табанын құруда стандарттыға жол бермей, оны жергілікті географиялық жағдайға байланысты тұрғындар ойластырған дұрыс болар еді. Мұның өзі құрылыс табанына материалдардың және еңбектің аз жұмсалуды, сонымен бірге, жұмыстың едәуір тездетілуін қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Жоғарыда совхозымыздың кәзіргі жер көлемі 10,5 мың гектар дедік. Мұның өзі ұзын бойға 45 километрлік қанықтыққа созылып жатыр. Осындай қанықтықты үнемі қамтамасыз ететін бір ғана котлован (ойдым) қазылды. Бұл жұмыстың қауырт кезінде жұмысшыларды, машинаны үнемі қамтамасыз етуге үлкен қиыншылық туғызады. Сондықтан мұндай қиыншылықтарды болдырмау жағын совхоздар тресінің су құрылыс басқармасы есеі бастан ойластыруға тиіс.

Біздің совхоздың коллективі барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдыра отырып, совхозды облысымыздағы жаңа астық фабрикасы етеді. Сонымен бірге, облыстың басқару орындарының күнбе-күнгі көмегіне сүйене отырып, совхоздың орталығын мәдениетті, көрікті жаңа қалаға айналдырады.

**А. КЕРЖНЕР,**

Булаев совхозының директоры.



ханышандыруға керісінше әсер етеді.

Прешім ауданындағы «Культурный пахарь», «III Интернационал», Ворошилов атындағы колхоздар мен Совет ауданындағы «Северный берег», «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында жаңадан стандартты мал қораларын салу жұмысы жыл сайын жоспарланса да, ол жоспар жыл сайын орындалмай келеді. Ол-олма, бұл колхоздарда бұрынғы қораларды жөндеу жұмысы шын мәнінде қолға алынбай отыр. Бұл төзгісіз жағдай тіпті колхоз басшыларын қынжылтпайтын да көрінеді. «Северный берег» колхозының председатели Безусенко, партия ұйымының секретары Кочаленко, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председатели Мұқашов, партия ұйымының секретары Дәуітов жолдастар мал қораларын жаңадан салдырту, бұрынғы қораларды жөндеуді үйымдастырудың орнына, «уақыт жетеді ғой, оны егін күту, пар жырту, егін орағына әзірлік, шөп шабу сияқты жұмыстармен қабалас жүргізіп қайтсміз» дейтіндердің иқналынан шықпай, солардың кертартпа пікірлерінің шарыауында жүр.

Октябрь ауданы облыста малы көп аудандардың бірінен саналады. Мұның өзі бұл ауданның колхоздарының, МТС-терінің, аудан басшыларынан қоғамдық малға қажетті қоралардың жалпы санын ғана көбейтіп қоймай, жаңа стандартты қораларды көбейтуді керек етеді. Ал, істің жайы бұл ауданда басқаша. Көп колхоздарда жаңадан мал қораларын салу, бұрынғы қораларды жөндеу әлі қолға да алынған жоқ. Солардың бірі Ленин атындағы колхоз. Бұл колхозда быйыл 2340

### Қоралар салу қолға алынбай отыр

Октябрь ауданының Сталин атындағы, Калинин атындағы, «Қызыл ту» колхоздары быйыл қоғамдық мал үшін едәуір жаңа қоралар салуды жоспарлады. Колхоз басқармалары бұл жұмыстардың ерте қолға алынуын қамтамасыз ету үшін қарерісімен құрылыс материалдарын дайындауды, оны жаңа қоралар салынаын жерге тасуды ұйымдастырды. Тұрақты құрылыс бригадаларын құрып, олардың өнім еңбек етулеріне жағдай жасады.

Бұл жұмыс өзінің нәтижесін беріп те отыр. Мәселен, көзірдің өзінде Калинин атындағы колхозда 100 бастық сыйыр, 1150 бастық шошқа қораларының Сталин атындағы және «Қызыл ту» колхоздарының арқайсысында 100 бастық сыйыр қораларының құрылысы негізінен аяқталды. Бұл колхоздардың колхозшылары бұрыннан пайдаланылып жүрген қораларды тазарту, жөндеу жұмыстарын да ойдағыдай жүргізуде.

Үстіміздегі жылы жаңа мал қораларын салуды жоспарлаған жалғыз осы колхоздар ғана емес. Мұндай жоспарларды ауданның көптеген колхоздары-ақ жасаған болатын. Мысалы, Ленин атындағы колхоздың басшылары 300 бастық сыйыр, 1000 бастық қой, 40 бастық жылқы қораларын және 1000 құс сыятын жаңа үй салуды жоспарлады. Колхоз басшылары бұл жоспарда құрылыс материалдарын

шөпте отырып, стандартты жаңа қораларды салу, бұрынғы қораларды жөндеп, тазарту жұмыстарына қарқын туғызулары, сөйтіп, әрбір колхоз бен совхозда мал қоралары жөніндегі жоспарлардың толық және асыра орындалуына жетісулері керек.

Құрылыс жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі құрылыс бригадаларының шебер адамдармен толықтырылуына, олардың бригадаларда тұрақтандырылуына байланысты екендігін ұмытуға болмайды. Сондықтан бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу колхоз, совхоз басшыларының жауапты міндеті. Ал, құрылыс бригадалары жоқ жерде оны дереу ұйымдастырып, іске қосу керек.

Колхоздар мен совхоздарда құрылыс жұмыстарын табысты аяқтауды құрылыс бригадалары шешеді. Ал, бригадаларды құрылысқа қажетті материалдардың барлығымен қамтамасыз етуде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына, совхоздар тресіне, тұтынушылар одағына зор міндеттер жүктеледі. Олар бұл жөніндегі өз міндеттерін бұлжытпай орындап отыруға тиіс.

Құрылысшылар арасында еңбек ұйымдас тыру ісін жақсарту, социалистік жарыс шартын ұйымдастырып, оның орындалуына жетісу, бұл үшін үгіт-бұқаралық жұмыстарын кең көлемде жүргізу — жергілікті партия, комсомол ұйымдарының, үгітшілер топтарының төл ісі. Олардың барлық жұмысы әрбір колхоз бен совхоздағы қоғамдық малдың үстіміздегі жылы жайлы қоралармен қамтамасыз етілуіне бағытталуға тиіс. Міне, бүгінгі күннің талабы олардан осыны күтеді.

әзірлеу, құрылыс жұмыстарын бастау және аяқтау мерзімдерін де белгіледі. Бірақ, амал не, олар жоспардың жүзеге асырылуын ұйымдастыруды ұмытып кетті. Сондықтан осы уақытқа дейін құрылыс жұмыстары қолға алынған жоқ. Осыған қарамастан колхоз председатели Нұрғожкин жолдас құрылыс материалдарын әзірлеу, құрылыс бригадаларын құру, олардың іске кірісуін ұйымдастыру жөнінде әлі де ешбір шараларды белгілеместен, бей-жай отыр.

Көптеген колхоздарда мал қораларын салу жұмысының осы уақытқа дейін бас-талмағанын аудан және МТС басшылары жақсы біледі. Дегенмен, олар колхоз басшыларының мал қораларын әзірлеу ісіне жауапсыз қарауларына төзімдік жасап келеді. Бұл өте қынжыларлық жағдай.

Мал басын көбейту, мал шаруашылығының өнімдерін арттыру міндетін ойдағыдай орындау үшін малды жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етудің үлкен орын алатыны кімге болса да белгілі. Олай болса, әрбір колхоздың мал басын өсуіне сәйкес мал қоралары болуын қамтамасыз ету көзгі басты міндеттердің бірі. Мұны Октябрь ауданындағылардың ұмытуына тіпті де болмайды.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**  
(Өз тілшіміз).

рәкші жаңадан өрістете отырып, күндіз тапсырмаларын толық және асыра орындап келеді. Әересе, Ш. Бадер, А. Раскәпов, А. Уметов жолдастар күн сайын екі нормадан орындап, жарыста алда келеді.

Колхозда мал қоралары жаңа үлгілі жоба бойынша салынууда. Мұның өзі, дейді колхоз председатели Волков жолдас, мал фермаларындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруымызға мүмкіндік туғызады.

Жақында жаңадан салынған сауын сыйырлар қорасына автомат суарғын, электр шамының жабықтары орнатылды. Ұзын сабақты жай жемісінті малға беруге алдын-ала әзірлейтін орындар жасалатын болады. Бұл жұмыстарды орындауда колхоз құрылысшыларына Чапаев атындағы МТС-тің мамандары көмектеседі.

Құрылысшылар еңбек өнімділігін арттыра отырып, Ұлы Октябрь мерекесінің 37 жылдығына дейін бір қой қорасының және күс үйі мен төл үйінің құрылысын толық аяқтап, оларды фермалардың пайдаланылуына беруге міндеттеніп отыр. Олар бұл міндеттемелерін де сөзсіз орындайды.

**А. МАНУИЛОВ.**

### Құрылысшылардың үлгісі

Прешім ауданындағы «Бостандық» колхозында құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Колхоз басқармасы быйыл 100 және 150 бастық екі қора салуды жоспарлаған еді. Көзір осы қораларды салу жұмыстары аяқталып келеді. Бұл құрылыстарды салуда колхоз шеберлері К. Бейсенбаев, Ж. Жақынов және басқалары көрікті еңбектерімен көзге түсіп, басқаларға үлгі көрсетуде.

**Ә. НҰРАҚАЕВ.**

терден орындады. Мұнымен бірге, мемлекетке сүт тапсыру жоспары да мерзімде және артығымен орындалды.

Колхоз мүшелері үстіміздегі жылы да қоғамдық мал санын оған әрі өркендетіп, оған мол өнім алу мақсатын көздеп, қажырлылықпен еңбек етеді. Көзірдің өзінде жылқыдан және шошқадан басқа түліктерден жылдық мал өсіру жоспарын артығымен орындап отырмыз. Жоспар бойынша товарлы-сүт фермасында қарамал басы 590-ға жеткізілуге тиіс болса, ол көзірдің өзінде 602 басқа жетті. Ал, сауын сыйырларды өсіру жоспары толығымен орындалды.

Мұнымен бірге, колхоз мемлекетке жар-ты жылдық сүт тапсыру жоспарын бірінші майда 115 процент орындап шықты.

Жақында біздің Келлеров ауданы колхоздарының бір топ алдыңғы қатарлы мал өсірушілері—сауыншылар, малшылар, ферма менгерушілері, зоотехниктер мен мал дәрігерлері Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют асыл тұқымды мал совхозында экскурсияда болды. Олар совхоз коллективінің мал тұқымын асыздандыру, малды күту, азықтандыру, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөніндегі бірқатар жақсы тәжірибелерімен танысты.

Біздің, экскурсанттарды, совхоздағы өте сүйсіндірген бір жағдай, малдардың, әересе, сауын сыйырлардың күтілуі, сауынлуы жөніндегі жүзеге асырылып отыратын шаралар болды. Мұнда салмағы 500-700 килограмға жететін сүтті сыйырлар көптеп өсірілген. Үстіміздегі жылдың алғашқы 5 айында сауыншылар әрбір сыйырдан орта есеппен 1960 литрден сүт сауған. Ал, жемелеген сыйырлардан осы уақыттың ішінде 2345 литрге дейін сүт алынған.

ғын өркендетумен бірге, соңғы жылдары құрылыс жұмыстарын кеңінен жүргізудеміз. Өткен жылы саманнан 200 орындық клуб, колхоз кеңесі және үлгілі жобамен бір мал қорасы салынды.

Үстіміздегі жылы барлық күш-мүмкіншіліктерімізді есептей отырып, арқайсысы 100 бастық сыйыр және ат қораларын, 200 бастық шошқа қорасын салуды, 2 жүк автомашинасы тұратын гараж және ұста дүкенін жаңадан салуды жоспарладық. Бұл жұмысқа ертеден дайындалдық. Ең алдымен құрылыс бригадасын ұйымдастырып, оны шебер колхозшылармен толықтырдық. Құрылыс бригадасында тұрақты 13 адам жұмыс істеп жүр. Көзір бригада мүшелері саманнан 30 мыңнан астам кірпіш дайындады. Мұны-

### ЭКСКУРСАНТТАРДЫҢ ТІЛЕГІ

Сол сияқты, мал қораларының механикаландырылуы, әересе, қораларға автомат суарғынтардың енгізілу әдістері бізге едәуір әсер берді. Мұнда мал қораларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырылуындағы қолданылып отырылған әдіс өте жабайы және оны барлық шаруашылықтарда қолдануға пайдалы деп білдік. Совхоз коллективі біздің көзүмізді жылы шыраймен қарек алып, өздерінің табысқа жетуіндегі тәжірибелерін айтып берді және біздің мал өсірушілерімізбен пікір алды.


Сонымен бірге, біз совхозда мал басының өсуіне, мал шаруашылығы өнімдерінің артуына қоралар құрылысының толық жауап бермейтіндігін байқадық. Мұнда жаңа жоба бойынша салынған стандартты қоралар өте аз. Сондықтан бірқатар мал ескі, ауыр жұмыстарды механикаландыруды қиындататын қораларда күтіледі.

Совхоз жоспар бойынша быйыл стандартты екі сыйыр қорасын, бір шошқа

қорасын және малға азықты алдын-ала әзірлеп беретін орыс салуы керек. Бірақ, совхоздың құрылыс материалдарымен на-шар жабықталуы себепті бұл құрылыстардың жұмысы өте баяу жүргізілуде. Біздің тілегіміз сол—мал шаруашылығын өркендету, оның тұқымын асыздандыру, өнімін арттыру жөнінде үлгі аларлық бай тәжірибе орталығы болып отырған Мамлют совхозының құрылыс жұмыстарын совхоз коллективінің үлгілі ісіне сай дәрежеге жеткізуді облыстық партия, совет және ауылшаруашылық органдары, әересе, совхоздар тресі ойластырғаны жөн болар еді дейміз.

**А. ЯКОВЛЕВ.**

Экскурсанттар тобын басқарушы, Көкшетау облысы, Келлеров аудандық Совет атқомиің председатели.



Үстіміздегі жылы Образцовая МТС-нің орталық усадьбасында тың жерлерді игеруге келген жұмысшылар үшін бір және екі пәтерлі 16 үй орнатылады. Көзірдің өзінде 5 үй құрастырылды. СУРЕТТЕРДЕ: 1. Образцовая МТС-нің орталығындағы стандартты үйлер. 2. Булаев ауданындағы жаңадан ұйымдастырылған Маленков атындағы астық совхозы 8 пәтерлі, 4 пәтерлі және бір пәтерлі стандартты 35 үй алды. Көзір бұл үйлер темір жол бойынан совхоздың орталық усадьбасына тасылуда.

Көзір бұл үйлер темір жол суретті түсірген А. Розенштейн.



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

## АҚШ-ТЫҢ АГРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ШИЕЛЕНІСТІ КҮШЕЙТЕ ТҮСУДЕ

Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселенің Женева кеңесінде әлі де талқылануы, Францияда үкмет ауысып, мұнда Индо-Қытай мәселесі жөніндегі келіссөздерді сәтсіздікке ұшыратуға бағыт ұстап келген Ланьель-Бидо кабинетінің орнынан түсуі, сонымен қатар халықаралық тұрмыстағы басқа да оқиғалар көзіргі уақытта талас мәселелерді, ең алдымен Азиядағы мәселелерді бейбітшілікпен реттеу үшін, демек, бүкіл дүние жүзінде халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін қолайлы жағдай туып отырғанын көрсетеді.

Бірақ мұндай перспектива АҚШ-тың агрессияшыл топтарына тіпті де ұнамайды. Олар июнь айының ішінде халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге кедергі келтіруге және халықаралық жағдайды бұрынғыдан да гөрі шиеленістіре түсуге ашықтан-ашық бағытталған бірқатар әрекеттер жасады.

Ең алдымен америка билеуші топтары корей мәселесі жөніндегі келіссөздерді сәтсіздікке ұшыратуға асықты. Женева кеңесінде бұл мәселені талқылаудың бүкіл барысында АҚШ және олардың Кореядағы агрессия жөніндегі одақтастары корей халқының өз мемлекетінің бірлігін қалпына келтіруге, ұлттық тәуелсіздік пен демократияға ұмтылған талабына сай келетіндей әділетті келісімге жетуге аз да болса көмектесе алатындай бірде-бір түбірлі ұсыныс енгізген жоқ. Ал оның бер жағында АҚШ пен олардың одақтастары ССРО, ҚХР және КХДР делегациялары енгізген ұсыныстардың бәрін дәлел келтірместен қабылдамай тастады. Бұныраға келмей қасарысудың бұл тактикасы былай аяқталды: АҚШ пен олардың әріптестері біржақты декларация ұсынып, онда корей мәселесін Женева кеңесінде онан әрі талқылаудан бастартты. Корей мәселесін талқылауды тоқтату инициативасы АҚШ-тан жасалып отыр, сондықтан АҚШ келіссөздерді сәтсіздікке ұшыратқаны үшін жауапты.

Женевада корей мәселесін талқылау тоқтатылғаннан кейін іле-шала лисымандық топтың өкілі Кореядағы уақытша бітім туралы келісім күшін жойды. Мыс деген арандатушылық мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеме Кореяда соғыс қыймылдарын іс жүзінде қайтадан бастауға шақырғандық болды. АҚШ-тың корей мәселесі жөніндегі келіссөздерді тоқтатып, Қызыр Шығыстағы шиеленіскен жағдайды қалпына сақтауға және бұрынғыдан да гөрі күшейте түсуге әрекеттенгендігі осының өзінен-ақ айқын көрінеді.

Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен реттеуді сәтсіздікке ұшыратып, АҚШ-тың билеуші топтары көзір Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге бағытталған қарарлар қабылдауға кедергі келтіруге әрекеттенуде. «Нью-Йорк таймс» газеті жуырда былай деп жазды: Францияда Ланьель-Бидо үкметінің Мендес-

Бейбітшілікті сақтау мүдделеріне қайшы келетін өз жоспарларын жүзеге асыруға тырысып, АҚШ билеуші топтары өздерінің батысевропалық әріптестері тарапынан Вашингтонның агрессиялық сыртқы саяси бағытына көз жұмып ере бергісі келмейтіндік көріне бастаған реттерде оларға қысым жасаудың ең өрескел құралдарын қолдануға дейін баруда. АҚШ президенті Эйзенхауэрдің 18 июньде Францияның президенті Котиге жолдаған хаты бұған мысал бола алады. Американдық дипломатиясына өте тән бұл документте Эйзенхауэр, атап айтқанда, батыс державаларының Индо-Қытайда «біріккен қыймылдар жасауы» туралы бұдан бұрын Даллес енгізген ұсынысты Францияның жаңа үкметінің қабылдауын талап етті, мұның өзі Индо-Қытай соғысын онан әрі ұлғайтқандық болар еді.

Сол хатта Эйзенхауэр Францияның, «әзірше бұған мүмкіндік болып отырғанда», «европалық армия» құру туралы договорды бекітуін талап етті, ал америка империализмі бұл «армияны» бетке ұстап, герман милитаризмінің агрессияшыл күштерін қалпына келтіруге. Шынына келгенде екінің бірін таңдап ал дейтін мұндай талап Францияға мемлекеттік секретарь Даллесті: егер «европалық армия» құру туралы договор мақұлдана бастаса және жүзеге асырылмаса, мұның өзі америка саясатын «толығымен қайта қарауға» әкеліп соқтырады-мыс деп, сенаттың сыртқы істер жөніндегі комиссиясының мәжілісінде жасаған мәлімдемесінен кейін арада бірнеше күн өткенде тапсырылды.

АҚШ-тың агрессиялық саясаты соңғы күндерде батыс жарты шарында соғыс жанжалының қайта басталуына әкеліп соқтырды. Құрама Штаттар қаруландырып, айдап салған және Гондурас пен Никарагуаның территориясында жыйнақталған бандалар Гватемалаға опасыздықпен шабуыл жасады. Бұл шабуыл америка монополистерінің мүдделеріне тиіскен Гватемала халқының ұлт-азаттық қозғалысы АҚШ билеуші топтарының қайткен күнде де басып-түншықтыруға тырысқан әрекетінің салдары болды. АҚШ агрессияшыл топтарының Орталық Америкада соғыс жанжалын бастап, халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге кедергі келтіріп отырғанында ешқандай күмән болмауға тиіс.

Міне бұл фактілердің бәрі көзіргі соғыс жанжалдарын жоюға, мемлекеттер арасындағы қатынастарды бірқалыпқа келтіруге, жер шарында баянды және ұзақ бейбітшілік орнатуға ұмтылған миллиондаған адамдардың талабын елемей отырған АҚШ билеуші топтарының агрессиялық саясаты халықаралық жағдайдағы көзіргі шиеленістің басты себебі, болып табылатындығын тағы да көрсетіп отыр.

## ХАЛЫҚТАР БЕЙБІТШІЛІКТІ БАЯНДЫ ЕТУ ҮШІН КҮРЕСУДЕ

Барлық елдердегі миллиондаған адам-

не Париж договорларына қарсы, барлық европалық мемлекеттердің өз ішіндегі әлеуметтік құрылысына қарамастан, олардың ынтымақтасуы негізінде Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жолында күресу үшін өз күштерін біріктіруге шақырды.

Европалық кәсіподақ конференциясына қатысушылар бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне арнаған үндеуде атом және сутегі қаруына қарсы күресті күшейту қажеттігін атап көрсетті. Соның өзінде бұл үндеу жаңа қырғын соғысқа жол бермеу үшін америка халқының ерекше жауапты екенін де атап көрсетті, өйткені АҚШ-тың билеуші топтары атом қаруын жұмсаймыз деп қорқытып, өршітіп отырған бошалау әрекеті және олардың «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін саясаты» халықаралық қатынастардағы шиеленісті күшейте түсуде. Конференция бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерін атом және сутегі бомбаларын сынаудың тезінен тоқтатылуы үшін, бұл қаруға не болып отырған мемлекеттердің оны ешпақытта пайдаланбауға міндеттемелер алатын болуы үшін күш біріктіріп күресуге шақырды.

Конференцияның документтерінде бейбітшілік жолындағы күрестің еңбекшілердің әлеуметтік праволары және олардың тұрмыс жағдайын жақсарту жолындағы күреспен мейлінше тығыз байланысты екені ерекше атап көрсетілді.

Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі Халықаралық конференция бір топ француз қайраткерлерінің инициативасымен июньнің 19-нан 23-не дейін Стокгольмде болып өтті. Бұған Шығыс пен Батыстың 30 елдерінің өкілдері қатысып, олар халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге көмектесе алатындай шараларды еркін дискуссия арқылы талқылауды өздеріне мақсат етіп қойды. Конференция қабылдаған документтерде оған қатысушылар әлеуметтік системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін екендігіне сенім білдірді. Конференцияға қатысушылар халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің дұрыс жолы — келіссөздер жүргізу арқылы барлық жанжалдарды реттеу екендігін атап көрсетті. Конференция Корея жөніндегі келіссөздерді қайта басталуын, Қытай Халық Республикасына өзінің БҰҰ-дағы заңды орнының берілуін, халықаралық саудадағы шек қоюшылықтың жойылуын, халықтар арасында мәдениет байланысының күшейтілуін талап етті.

Женева кеңесіне қатысушыларға арнаған үндеуінде Стокгольм конференциясы Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын неғұрлым тез тоқтату және Кореяда соғыстың қайта басталуына жол бермеу мақсатымен оларды күш-жігерін біріктіруге шақырды. Хауіпсіздік Советіне арнаған үндеуінде Стокгольм конференциясына қатысушылар Гватемаладағы соғыс қыймылдарын тоқтату үшін шаралар қолдануға, «басын кірген әскерлерді бұл елден кетуге мәжбүр етіп, бейбітшілік жағдайын қалпына келтіруге» шақырды.

## Гватемаладағы ұрыс қыймылдары

ПАРИЖ, 27 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің тілшісі Гватемала армиясының 26 июньдегі ресми мазмұндамасынан қысқаша түсінік берді, онда интервенттердің самолеттері теміржолдарды бомбалады делінген.

Мұнымен бірге, мазмұндамада, Чикимула ауданында ұрыс қыймылдары онан әрі жүргізілуде, мұнда қала мен Гондурас шекарасының арасында топтасқан интервенттер әскерлерінің қалдығы ну-ну ор-

ман өскен тауда бекініп алды делінген. Байырғы әскерлер миномет артиллериясының көмегімен жаудың позициясына атака жасауда.

Мазмұндамада былай деп атап көрсетілген: интервенттердің Пуэрто-Барриос портын алуына кедергі жасап, үкметтік әскерлер олардың осы портқа жалдамалы әскерлер мен соғыс материалдарын түсіруді көздеген жоспарларын толығынан іске асырмай тастады.

## Интервенттердің самолеттері Гватемала қаласын бомбалады

НЬЮ-ЙОРК, 27 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Гватемаладан берген хабарына қарағанда, «Р-47»

типті истребитель-бомбардировщикі кеше күндіз Гватемала қаласын бомбалаған.

## Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілінің мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 26 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің БҰҰ жанындағы тілшісінің хабары бойынша, Гватемаланың БҰҰ-дағы өкілі Кастильо Ариола тілшілерге мынаны мәлімдеген: Хауіпсіздік Советі күн тәртібін мақұлдау қажеттігі туралы мәселені талқылап жатқан кезде Гватемаланың астанасы бомбаланды.

Ариола Нью-Йорк уақыты бойынша шамамен 17, 30 сағатта Гватемаланың сыртқы істер министрі Торизальомен телефон арқылы кеңескенде, Торизальоның оған Гватемала қаласын үш самолеттің бомбалап жатқанын хабарлағанын мәлімдеді. Екі бомба қаланың орта кезіндегі тұрғын үйлер ауданына түсіп, шіркеуді қыйратқан. Самолеттер Гватемала қаласының тұрғын үй кварталдарына оқ атқылаған, бірақ қанша адамның құрбан болғаны белгісіз. Самолеттер Саккапа қа-

ласын да бомбалады, онда көп адам құрбан болды. Мұнымен бірге, Торизальо самолеттердің Саккапаның жанындағы Эльхикарода поезда пулеметтерден оқ жаудырып, 7 адамды өлтіргенін хабарлады. Интервенттер Чикимуланы бомбалаған, оның салдарынан 50-ге жуық өрт шыққан, көптеген адамдар өлтірілген және жараланған.

Кастильо Ариоланың хабарлағанына қарағанда, 24 июньде бір топ интервенттер Бананерадағы «Юнайтед фрут компани» компаниясы жұмысшыларының жергілікті кәсіподағының 12-ден аса қызметкерлерін атып өлтірген.

НЬЮ-ЙОРК, 27 июнь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Гватемала қаласынан берген хабары бойынша интервенттердің самолеттері ұлттық сарайға оқ атқылаған, онда, хабарлар бойынша, президент Арбене жұмыс істейді.

## БҰҰ секретариатының Европалық бөлімі жайындағы Гватемала өкілдігінің хабары

ПАРИЖ, 26 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, БҰҰ секретариатының европалық бөлімі жанындағы Гватемаланың өкілдігі 24 июнь-рыс жолы — келіссөздер жүргізу арқылы Чикимула қаласының жай халқының аюандықпен бомбаланғанын хабарлаған. Гуалан және Сакапа қалаларына да бомба тасталған.

Хабарда былай делінген: интервенттердің әскерлері қарақшылық шабуыл жасау үшін Гондурастың шекаралық ауданында, атап айтқанда, Санта-Росада және

Копанда орналасқан аэродромдарды, сол сияқты «Юнайтед фрут компанидің» меншігіндегі аэродромдарды пайдалануда. Интервенттердің самолеттері Никарагуадағы азаматтық және соғыс аэродромдарын да пайдаланып отыр.

АҚШ-тың бірнеше жылдар бойына Гватемалаға самолеттер сатудан бастартуы себепті, делінген хабарда, үкметтік әскерлерде интервенттер самолеттерінің шабуылы мен тойтару үшін қажетті соғыс-әуе күштері болмай отыр.

## Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы секретариатының мазмұндамасы

ВЕНА, 27 июнь. (СОТА). Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясының секретариаты мазмұндама жариялады, онда былай делінген:

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы Гватемала еңбекшілерінің Жалпы конфедерациясынан (ГЕЗК) және Гватемаланың Шаруалар одағынан мынадай телеграмма алды:

шабуыл жасаған жалдамалылардың жасаған қылмыстарына қарсы нағыз батыл наразылық білдіреді. Үкмет басында Солтүстік американдық «Юнайтед фрут компаниге» қызмет ететін диктаторлар отырған Гондурас пен Никарагуаның аэродромдарында базалар жасап алған самолеттердің бомбалауы АҚШ монополистерінің Гватемалаға қарулы күшпен шабуыл жа-

## ЖЕНЕВА КЕҢЕСІНДЕ

Вьетнам Демократиялық Республикасы делегациясының мазмұндамасы

ЖЕНЕВА, 28 июнь. (СОТА). Вьетнам Демократиялық Республикасының Женева кеңесіндегі делегациясының мазмұндамасы жарияланды, онда былай делінген:

«Женева кеңесінің Индо-Қытай жөніндегі 19 июньдегі қарарында көрсетілгеніндей, бір жағынан, Патет-Лао халық азаттық армиясы мен Вьетнам Халық армиясының өкілдері және екінші жағынан, Француз-Лаос армиясының өкілдері 1954 жылы 24 және 25 июньде Женевада кездесті.

Мұнда алынған хабарлар бойынша, кеңеске қатысушылар күн тәртібін даярлауда. Хабарларға қарағанда, бұл кеңестер шын пейілді жағдайда өткен. Хабарлар топтардан алынған хабарлар бойынша, дискуссияда Индо-Қытайдың барлық елдері жөнінде кезегінен әңгіме болған».

## КОРЕЙ ХАЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПХЕНЬЯНҒА ЖҮРІП КЕТУІ

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде болған Корей Халық-Демократиялық Республикасының КХДР-дің Сыртқы істер министрі Нам Ир бастаған делегациясы 27 июньде Москвадан Пхеньянға жүріп кетті.

Аэродромда КХДР делегациясын ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В.А. Зорин, ССРО Сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімінің меңгерушісі Д.А. Жуков, ССРО Сыртқы істер министрлігінің Қызыр-Шығыс бөлімінің меңгерушісінің міндетін атқарушы И.Ф. Курдюков, Москва Советі председателінің орынбасары Н.И. Боборвиков, Москва қаласының комendantты генерал-майор И.И. Колесников шығарып салды.

Мұнымен бірге, делегацияны КХДР-дің, Төтенше және Полномочиеді Елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочиеді Елшісі Нгуэн Лонг Банг, Қытай Халық Республикасы елшілігінің кеңесшісі Вей Нин және КХДР-дің Москвадағы елшілігінің дипломатиялық құрамы шығарып салды. (СОТА).

## ДАНИЯ — ЧЕХОСЛАВАК САУДА ДОВОРЫ

КОПЕНГАГЕН, 28 июнь. (СОТА). Гаеттер 25 июньде Дания мен Чехословакия арасында бір жыл мерзімдік сауда договорына қол қойылғандығын хабарлады. Дания Чехословакияға 22,5 миллион кронға жуық соманың товарларын, оның ішінде ет, май, балық, тұқым, аяма, сәтметикалық товарлар, машиналар береді. Чехословакия Данияға 25 миллион крон соманың товарларын, оның ішінде прокат, тоқыма заттар, машиналар мен әртүрлі аппаратуралар, автомобильдер, мотоциклдер, тракторлар береді.

«Берсен» газеті осыған байланысты өзара товар алыс-берісін белгіленген нормадан тыс арттыру үшін мүмкіншіліктер қарастырылды деп жазады.

Сауда договорымен бір мезгілде төлемдер туралы келісімдерге қол қойылды.

## ВЕНГРИЯ МЕН ИНДОНЕЗИЯ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІ



Франс үкметімен ауыстырылуы, Индо-Қытайда уақытша бітім жасасудың «масқаралық» перспективасын тудырды.

Американ дипломатиясы Индо-Қытайдағы жаңжалды бейбітшілікпен реттеуге емес, қайта американ интервенциясын ұйымдастыру жолымен соғысты ұлғайтуға бұрынғысынша бағыт ұстауда. Осы мақсатпен «Оңтүстік-Шығыс Азия шарты» дейтінді топтастыруға жаңадан күшжігер жұмсалуда. Мұндай шарт туралы мәселе АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Австралияның және Жаңа Зеландияның июнь айының алғашқы жартысында Вашингтонда болған кеңесінде талқыланды. Ағылшынның «Дели мейл» газеті бұған байланысты былай деп жазды: «АҚШ-тың жоғары дәрежелі басшыларына—Даллеске және басқаларына—Женева кеңесі ешуақытта да ұнаған емес... Бұл американдар соғыс штабтарында жүргізетін келіссөздерге көбірек көңіл бөлуде», мұндай келіссөздерді Даллес «азиялық проблемаға дипломатиялық көзқарастың анағұрлым нақты жолы» деп санап отыр.

### АҚШ-тың Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді сәтсіздікке ұшыратуға әрекеттенуі

ПХЕНЬЯН, (СОТА). Кореяның орталық телеграф агенттігі (ЦТАК) мынаны хабарлады:

Женева кеңесінде корей мәселесін талқылауды сәтсіздікке ұшыратқаннан кейін американ империалистері мен олардың лисынмандық малайлары уақытша бітім туралы келісімді жүзеге асыртпау үшін бұрынғыдан да ашық әрекет жүргізе бастады. Оңтүстік Кореяның қолжаулығы Ыон Дьен Тэ корей мәселесін талқылау тоқтатылғаннан кейін Женева кеңесінің өзінде-ақ «Корея туралы мәселеде Женева кеңесінің сәтсіздікке ұшырауы уақытша бітім туралы келісімнің күшін жояды» деп мәлімдеп, ұрыс қыймылдарын қайтадан бастауға шақырған болатын. Нақ сол күні Сеулде Ли Сын-ман «бір дәстікке жетудің бірден-бір жолы—күш қолдану» деп тағы да жариялады. Оңтүстік Кореяның қолжаулық үкметінің сыртқы істер министрінің орынбасары 19 июльде америка империалистері мен лисынман тобының уақытша бітімді бұзуды мақсат еткен жоспарын абайламай айтып қойды. Ол уақытша бітімнің орындалуын бақылайтын бейтарап комиссияның «өз жұмысын тоқтатуын» талап етті. Американ жағы уақытша бітімнің

### ФРАНЦУЗ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТУНИСТЕГІ ТЕРРОРЫ

ПАРИЖ, 26 июнь. (СОТА). Соңғы күндерде Тунисте ішкі саяси жағдай шиеленісе түсті. Баспасөз Францияның Тунистегі бас резиденті Вуазардың журналистерге «жағдайдың шын мәнінде өте ауыр екенін» мәлімдегенін хабарлайды.

Осыған байланысты француз өкмет орындары Тунисте «тәртіпті» қалпына келтіру жөнінде бірқатар шаралар қолданды ұйғарын отыр. «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, бұл шаралар

дәрменді халықтар арасындағы бейбітшілікті баянды етуге ұмтылған талабы өткен ашта болған халықаралық екі конференцияның — Европалық кәсіподақ конференциясының және халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі Халықаралық конференцияның жұмысында айқын бейнеленді.

Европалық кәсіподақ конференциясы Берлинде июньның 20-нан 22-не дейін болып өтті. Бұған Европаның 31 елінің кәсіподақ қозғалысының өкілдері, сонымен қатар Азия, Латин Америкасы, Африка елдерінен келген қонақтар қатысты. Конференцияға қатысушылар еңбекшілердің «европалық армия» құруға қарсы, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын ұйымдастыру жолындағы, атом және сутегі қаруына тыйым салу жолындағы күресіне баса көңіл бөлді.

Бүкіл Европаның еңбекшілеріне арнап конференция қабылдаған үндеуде герман милитаризмін қайта тудыруға бағытталған Бонн және Париж договорларының шын мақсаттары әшкереленді. Бұл үндеу бүкіл Европаның еңбекшілерін Бонн жа-

һоференциясымен қатар атом қаруын сынау әрекеттерін тоқтатуды және оны пайдалануға тыйым салып, бұл қаруды жасауға және жыйықтауға салынған тыйымның орындалуына бақылау қоюды талап етті.

Европалық кәсіподақ конференциясы және халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі Стокгольм конференциясы қабылдаған документтердің барлық елдердегі ең қалың топтардың мүдделеріне сай келетінінде күмән жоқ. Бұл документтер бейбітшілікті баянды етуге, дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін жоюға қамқорлық жасау рухына бөленген. Бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған адамдар бұл ізгі мақсатты көздейтін қарарларды құттықтап қарсы алуда. Халықаралық шиеленісті бәсеңдету жолында, бейбітшілік пен прогресс үшін барлық мемлекеттер арасында ынтымақ орнату жолында тынбастан күрес жүргізіп отырған совет халқы да дүние жүзінің миллиондаған адамдарының бұл үніне өзінің қуатты үнін қосуда.

Ю. БОЧКАРЕВ.

### Черчилльдің Ақ үйдегі қонақасыда жасаған мәлімдемесі

НЬЮ-Йорк, 27 июнь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі Скалидің Вашингтоннан берген хабарына қарағанда, Черчилль Ақ үйде берілген қонақасыда конгресс басшылары алдында сөз сөйлеп, «Сыртқы істер министрі Иденді өзінің толығымен қуаттайтындығын айқын ұғындырған; Иденнің америка сыртқы саясатын елеулі түрде сынап, жуырда сөйлеген сөзі мемлекеттік департаменттің жоғары мәртебелі өкілдерінің арасында күшті пікір туғызған болатын. Хабарларға қарағанда, Черчилль ағылшын саясатының түпкілікті мақсаты ретінде «Россиямен бейбітшілікпен қатар өмір сүру жөніндегі Иденнің айтқан ескертпесі өзіне ұнағанын мәлімдеген. Черчилль, оның пікірінше, «бұл жақсы айтылған сөз» деген.

Хабарларға қарағанда, Черчилль былай дейді, онан әрі Скали: Совет Одағымен «бейбітшілікпен қатар өмір сүруді» қамтамасыз ету мүмкін болуы үшін Құрама Штаттар мен Англия соғыстағы әріптестеріндей күшті және қырағы болуға тиіс.

Бұдан бұрын Ассошиэтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісі мынаны хабарлаған болатын: Ақ үйде қонақасыда болған сенаторлардың айтуынша, Черчилль былай деді: «соғысқаннан гөрі қызын келіс сөздер жүргізген жақсы», жеке елдердің арасындағы пікірлерге алшақтықтар әрқашан болатындығына қарамастан, Құрама Штаттар мен Англия бірлесіп, жұмыс істеуге тиіс».

«Солтүстік американың ықпалды топтары берген және Гондурастың аэродромдарында база жасап алған басқыншылардың самолеттері бейбіт халықты қылмысты түрде әлі күнге бомбалауда және оқ атқылауда. Шіркеулер, мектептер мен тұрғын үйлер қыйратылуда. Демократиялық күштер мен үкметтік әскерлер бірлесіп, шетелдік оккупанттарға қарсы патриоттық күрес жүргізуде. Біз сіздерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Хауіпсіздік Советінің кешіктірілместен жедел шаралар қолдануын талап етуге шақырамыз».

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы, делінген мазмұндамада онан әрі, Гватемала халқы жөнінде бұл елде

### Гватемаланы қорғайық!

Бейбітшілікті жақтаушылардың чехословактік комитетінің үндеуі

ПРАГА, 27 июнь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, кеше бейбітшілікті жақтаушылардың чехословактік комитетінің президиумы бейбітшілікті қорғаудың Гватемалалық комитетіне чехословак халқының гватемала халқымен тілектестігін білдіретін телеграмма жіберуді, сол сияқты, Гватемалаға қарулы шабуыл жасауға қарсы наразылық білдіру мәлімдемесін жариялауды ұйғарды.

Атап айтқанда, наразылық білдіру мәлімдемесінде былай делінген: бүкіл чехословак халқы Гватемаланың ержүрек хал-

### ГВАТЕМАЛАДАҒЫ АМЕРИКАН ИНТЕРВЕНЦИЯСЫНА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ

ЛОНДОН, 27 июнь. (СОТА). Пресс ассошиэти агенттігінің хабарына қарағанда, ағылшын парламентінің мүшесі лейборист Феннер Брокүэй кеше Бромсгровта (вустершир) митингте сөз сөйлеп, мынаны мәлімдеген: «Гватемалада болып жатқан оқуыға барып тұрған зұлымдық: Американың үкметінің көршілес мемлекеттерге қару-жарақ тасуды қаржыландырып, басып кіруді ұйымдастыру үшін Гватемалаға қару-жарақ сатуға эмбарго жасауын америка капиталы пайдаланып отыр. Оның бұл агрессиялық әрекетті жасау

### ИТАЛИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ГВАТЕМАЛА ХАЛҚЫМЕН ТІЛЕКТЕСТІГІ

РИМ, 27 июнь. (СОТА). Бүкіл Италияда өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан Гватемала халқымен тілектестік білдіру демонстрациялары өтуде. Римде бейбітшілікті жақтаушылардың провинциялық комитеті ұйымдастырған митинг болды. Митингке қатысушылар итальян халқының Гватемала үкметімен және халқымен тілектестік білдірген шешендерге қызу қолшалақтады.

«Унита» газетінің хабарына қарағанда,

### ГВАТЕМАЛАНЫ ҚОРҒАУ ҮШІН!

ЛОНДОН, 27 июнь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Аргентинаның барлық университеттері

сатуға ашықтан-ашық араласуының аяқын дәлелі болып табылады.

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы барлық кәсіподақ ұйымдары мен барлық еңбекшілерді Гватемаланың бейбіт халқын масқаралықпен өлтіруге тыйым салу үшін бұрынғыдан да қатты наразылық білдіруде, өздерінің сайлаған өкілдерінен, үкметтерінен және Біріккен Ұлттар Ұйымынан Хауіпсіздік Советінің Гватемаланың жұмысшы табы мен халқына қарсы шетелдік интервенцияны, сонымен бірге Латын Америкасының халықтарына тікелей хауіп болып табылатын интервенцияны тоқтату үшін қажетті шараларды дереу қолдануын талап етуге шақырады.

қын және оның демократиялық үкметін жақтайды. Ол америка агрессиясын батыл айыптайды.

Чехословакияның бейбітшілікті жақтаушылары америка агрессиясын айыптап, оны дереу тоқтатуды талап етіп отырған бүкіл дүние жүзінің халықтарына қосылады.

Бейбітшілікті жақтаушылардың чехословактік комитеті Хауіпсіздік Советін интервенттерге көмек көрсетуге тыйым салу жөніндегі өзінің қарарларының мұлтисіз орындалуын талап етуге шақырады.

себебі сол—Гватемала үкметі ірі жер иеленушілердің жерлерін шаруаларға бөлін беруде және пайдадан алынатын салықты енгізуді ұйғарды».

Хауіпсіздік Советінде Гватемаланың шағымы жөніндегі дауыс беруге тоқталып, Брокүэй былай деді: «Біріккен Ұлттар Ұйымы егер ол кімнің тарапынан жасалғанына және қай жерде жасалғанына қарамастан, агрессияға қарсы күрестің болса ғана бүкіл дүние жүзінің құрметтеушілігіне не бола алады».

осындай митингтер Туринде өткізілген, онда, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Эмиллио Серени сөз сөйлеген, сол сияқты Алессандрия, Падуа, Болонья, Бари, Пезарао, Салерно, Гроссето және Анкона қалаларында да митингтер болған.

Гватемаланың Римдегі миссиясына көптеген делегациялар баруда. Оның адресіне тілектестік білдірген көптеген телеграммалар түсіп жатыр.

Гватемалаға тілектестік белгісі ретінде 24 сағатқа оқуды тоқтатқан.

БУДАПЕШТ, 28 июнь. (СОТА). Венгрия мен Индонезия өкілдерінің арасындағы келіссөздердің нәтижесінде Будапеште біржыл мерзімдік товар айналымы және төлемдер туралы келісімге қол қойылды. Келісім екі елдің арасындағы товар айналымын онан әрі ұлғайтуды көздейді. Келісім бойынша, Венгрия Индонезияға машиналар, электр жабдықтарын, дәрі-дәрмектер, химия заттарын және басқа жеңіл, ауыр өнеркәсіп өнімдерін беретін болады. Индонезия Венгрияға каучук, қалайы, шай, кофе және басқа товарлар береді.

### СОВЕТТІК «БЕРЕЗКА» АНСАМБЛІНІҢ ШВЕЙЦАРИЯДАҒЫ ТАБЫСТЫ ОЙЫНДАРЫ

ЖЕНЕВА, 25 июнь. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгендей, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Надежда Надеждина басқарған Советтік «Березка» би ансамблі Швейцарияда өнерін көрсетуде.

Ансамбльдің ойындары зор табыспен өтуде.

Кеше Женевада «Ла Гоанж» паркінің жазғы театрында болған ансамбльдің концертінде 3 мыңнан аса көрушілер Сәбіт би шеберлеріне ду авация жасады. Театрда бірнеше жүз орындық қосымша қойылғанына қарамастан театр шатырын астында концерт көргісі келгендердің біріне орын табылмады. Ойынның әрбір номеріне қайта-қайта қолшалақталып, ойын номерлерінің көпшілігі екі реттен орындалды.

Ансамбльдің Цюрихтегі және Базельдегі ойындары да зор табыспен өтті.

Швейцария баспасөзі ансамбльді сүйсіне мақтаған пікірлер басып шығарды.

24 июньде аmsамбльдің Женевада болған кешінде Вьетнам Демократиялық Республикасы премьер-министрінің орынбасары Фам Ван Донг, ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В. В. Кузнецов, Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Ли Бэ-нун, ССРО-ның Швейцариядағы кіші елшісі Ф. Ф. Молочков, ССРО-ның Қытай Халық Республикасының және Вьетнам Демократиялық Республикасының Женева кеңесіндегі делегацияларының мүшелері болды.

Редактордың орынбасары  
Г. НУРМОЛДИН.

## Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТЫНЫШТЫҚТЫ БУЗУШЫЛАР»  
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»  
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.